# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

26.04.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№15 (8129)



KÚN TÁRTIBI — ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ ЖАЛҒАСАДЫ — 2-бет

AINA — ЖЕТІМ-ЖЕСІРЛЕРДІ ЖЕБЕГЕН «ХАРЕКЕТ» — 4-бет

KELBET — ДАРА ДАРЫН — 5-бет

ZERDE — МЫСЫРДЫ БИЛЕГЕН ЗЕЙНУДДИН КЕТБҰҚА — 6-бет


## ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ

### *Елбасы Қазақстан президенттігіне Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынды*

**Сәрсенбі күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезі өтті. Съездің күн тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті сайлауына «Nur Otan» партиясының атынан үміткер ұсыну жөніндегі мәселе қаралды.**




Партияластарының алдында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ауыр дағдарыс жағдайында басталған Тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру жолы оңай болмағанын еске салды.

– Экономиканың жаппай күйреуі халықтың басым көпшілігін күйзеліске ұшыратты. Көптеген сарапшылар этносаралық шиеленістер мен қақтығыстар болады деп болжам жасады. Бірақ, біз өзіміздің егемен елімізде бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүруге лайықты екенімізді бүкіл әлемге дәлелдедік. Менің «алдымен экономика, сосын саясат» деген негізгі қағидатым дұрыстығын дәлелдеді, – деді «Nur Otan» партиясының Төрағасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті дұрыс жүргізілген саясаттың арқасында еліміздің посткеңестік кеңістіктегі қарқынды дамып келе жатқан мемлекетке айналғанын айтты.

«Nur Otan» партиясының Төрағасы жолдардың құрылысы мен қайта жөнделуінің зор нәтижелерін атап өтіп, Тәуелсіздік жылдарындағы қазақстандықтардың табысының өсіміне тоқталды.

– Біз үшін ең қиын болған жылдарда мен мыңдаған жас қазақстандықтарды әлемнің үздік университеттеріне жібердім. Бүгінде озық білім беру жүйесін Қазақстанда қалыптастырамыз. Оның өзегі Назарбаев зияткерлік мектептері мен Назарбаев Университеті болмақ, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев денсаулық сақтау ісі мен мәдениет саласындағы жетістіктерге де тоқталды.

– Маған өз халқыммен бірге тәуелсіз Қазақстанды құру мәртебесі бұйырғанын мақтан тұтамын. Қиын заманға қарамастан халқым менің бастамаларыма әрдайым қолдау көрсетті. Соның арқасында біз барлық нәтижелерге қол жеткіздік. Мен еліміздің халқына ризашылығымды білдіремін, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сонымен қатар, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Қазақстанның одан әрі табысты дамуын біздің бағдарымыздың сабақтастығы ғана қамтамасыз ететінін айтты.

– Төртінші өнеркәсіптік революция талаптарына сәйкес елімізді технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан дамытудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Цифрландыру және инновацияны енгізу есебінен еңбек өнімділігі мен экономиканың бәсекеге қабілеттілігі артты. Осы ауқымды жұмыстардың бәрі бүкіл қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев Конституция бойынша өзіне бекітілген өкілеттіліктерге сәйкес Отанымызды өркендету үшін жұмыс істей беретінін айтты.

– Мен төраға болып қала беретін Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында атқаратын жұмыс көп. Қоғамдық келісім мен ұлтымыздың бірлігін нығайту үшін ісімізді жалғастыра береміз. Қауіпсіздік Кеңесін басқара отырып, мен өзімнің көпжылдық тәжірибемді ішкі және сыртқы саясатты анықтай отырып, елімізді дамытудың бірқатар негізгі мәселелерін шешуге бағыттаймын. Мен бұрынғысынша ең ірі «Nur Otan» саяси партиясының Төрағасы болып қала беремін, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев таңдап алған саяси және экономикалық бағдар сабақтастығының сақталуына партия кепіл болуға және белгіленген міндеттердің бәрін жүзеге асыруға тиіс екенін айтты.

– Жаңғырудың тиімділігін, соның ішінде партияның «Бақытты отбасы», «Құтты мекен», «Ауыл – Ел бесігі» және «Халыққа көмек» жобаларын жүзеге асыру аясында әрбір қазақстандықтың сезінуіне қол жеткізуіміз керек, – деді «Nur Otan» партиясының Төрағасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті қазақстандықтардан өз атына көптеген хат келіп жатқанын айтып, қазақстандықтардың достығы мен құқықтарының теңдігі өзгермейтініне сенім білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев Қасым-Жомарт Тоқаевты еліміздегі жоғары лауазымға лайықты үміткер екенін айтып, оның Отан алдындағы сіңірген еңбегі мен жеткен жетістіктеріне тоқталды.

– Қасым-Жомарт Тоқаев менімен бірге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қызметтің түрлі саласында жұмыс істеді. Ол – ұзақ жылдар Сыртқы істер министрлігіне жетекшілік етіп, Қазақстанның сыртқы саясатын бірге қалыптастыруға атсалысқандардың бірі. Оның дипломатиялық дәрежесі шетелде жоғары бағаланады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болғанын және тәжірибелі мемлекет саясаткері екенін жақсы білесіздер, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев зор сенім артқаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа және партияластарына алғыс айта отырып, еліміздің одан әрі қарқынды дамуы жолында Тұңғыш Президент – Елбасының стратегиялық бағдарын жалғастырып, сабақтастықты қамтамасыз етуді өзінің ең басты міндеті деп санайтынын жеткізді.

– Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан Елбасының көреген басшылығының арқасында кедейлік пен аласапыранды еңсеріп, тұрақтылық пен гүлденуге қарай бұрын-соңды тарихта болмаған теңдессіз қадам жасады. Тұңғыш Президент, Партиямыздың көшбасшысы бейбітшілік пен тыныштықтың, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің мызғымас негізін қалады. Елбасының айрықша күш-жігері мен көшбасшылығының арқасында біз жаңа мемлекет құрып, еліміздің бас қаласының негізін қалаушысы әрі бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен аталуға лайықты жаңа елордамызды салдық. Ең бастысы, Тұңғыш Президентіміз тұтас мемлекеттің жаңғыруы жолында табысқа ұмтылған сапалық тұрғыдан жаңа ұлттың негізін қалыптастырды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сондай-ақ, Елбасы республикалық қоғамдық сайлау штабының жұмысын үйлестіруді тапсырып, азаматтардың барлық санатымен жұмыс жүргізудің қажеттілігіне назар аударды.

Соңында Қазақстанның Тұңғыш Президенті қазіргі жағдайда тұрақты дамып, өсіп-өркендеу үшін халықтың бірлігі бекем болуы және барша қазақстандықтардың бірлесе күш-жұмылдыруы қажет екенін атап өтті.

– Біз бұл кезеңді еш қиындықсыз еңсеретінімізге сенімдімін. Біздің мақсатымыз – халқымыздың әл-ауқатын арттыру және елімізді одан әрі ілгерілету. Мемлекетке құрмет көрсету, азаматтардың бір-бірін сыйлауы – тұрақтылықтың белгісі, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Баспасөз қызметі**

## СЪЕЗД ШЕШІМІН ҚОЛДАДЫ

**Сейсенбі күні жезқазғандық жастар «Nur Otan» партиясының XIX съезі шешімін қолдап, акция өткізді.**



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен съезде 9 маусымда өтетін Қазақстан Республикасы президентінің кезектен тыс сайлауына «Nur Otan» партиясының атынан Қасым-Жомарт Тоқаев кандидат ретінде ұсынылған болатын. Партияластарын Қасым-Жомарт Тоқаевты сайлауда қолдауға шақырған Елбасы:

– Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық тәжірибесі БҰҰ деңгейінде жоғары бағаланғанын білесіздер. Осы жаһандық құрылымда ол Бас хатшының орынбасары ретінде қызмет етті. Дипломатиялық жетістіктерімен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттік басқару саласында мол тәжірибе жинады. Ол ел дамуының ең күрделі кезеңінде Қазақстан Үкіметін басқарды. Естеріңізде болса, 1998 жылғы Азиядағы қаржы дағдарысынан кейін экономиканы қалпына келтіруге атсалысты, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы съезде сөйлеген сөзінде.

Партия съезінің шешімін қолдап, халықтар достығы мен мәдениет үйіне жиналған жастар мен партия белсенділері де осындай пікірде. Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Жезқазған қаласы қоғамдық келісім кеңесі жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Зинаида Чумакова алдағы сайлау еліміздің саяси өміріндегі маңызды оқиға болып қана қоймай, дамудың даусыз баспалдағы екеніне сенімді.

– Қазақстан егемендігін алған сәттен бастап әлемдік қауымдастық алдында бейбітшілік, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі жарқын бастамаларымен танылып келеді. 19 наурызда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы көреген шешім қабылдап, президенттік өкілеттігін тоқтатып, Конституция бойынша мемлекет басшылығының тізгінін Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсырды. Елдің дамуына кепіл болатын бұл саяси сабақтастықты халық та, әлем елдері мен халықаралық ұйымдар оң қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ата заңға сай президент өкілеттігін атқаруға біршама мерзім қалса да кезектен тыс президент сайлауын жариялады. Бұл сайлау еліміздің халықаралық аренадағы беделі, ел ішіндегі саяси ұйымдардың тәжірибе жинақтауы үшін де мол мүмкіндік болып отыр. Міне, бүгін Елбасы төрағалық ететін «Nur Otan» партиясының съезі өтті. Нұрсұлтан Әбішұлы саяси жиында Қасым-Жомарт Кемелұлының кандидатурасын партия атынан ұсынды. Қазақстанның даму жолындағы тағы бір тарихи шешім қабылданды, – деді Зинаида Чумакова.

Жастар алдында сөз алған Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты, Жезқазған Бизнес және көлік колледжінің директоры Светлана Жумкина алдағы президент сайлауы жаңа жетістіктердің бастауы деп санайды.

– Бүгін ел ертеңі үшін маңызды оқиғаға куә болдық. Елбасы партиясы атынан президенттікке кандидат ретінде Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынылды. Елбасы сенген Қасым-Жомарт Кемелұлы алдағы сайлауда ел сенімін иеленетініне күмәнім жоқ, – деді Светлана Жумкина.

Жұмысшы жастар атынан сөз алған «Jastar Bolashaq» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сабыржан Тембаев кезектен тыс президент сайлауы жастарды жігерлендіретінін атап өтті.

– Кез келген сайлау саяси бәсекелестікті арттырып қана қоймай, азаматтардың саяси тәжірибесін байытады. Мұндай саяси науқанда ел болашағы жастарға артылар үміт зор. Сайлаушылардың да басым бөлігін жастар құрайды. Олай болса, мен барлық замандастарымды сайлауға белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға шақырамын, – деді Сабыржан Тембаев.

Жастар жиыны патриоттық әндермен өрнектелген концерттік бағдарламаға ұласты.

**Жомарт ТАЙМАС**

*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫНА КАНДИДАТТАР мен РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР (САЯСИ ПАРТИЯЛАР) НАЗАРЫНА!

«Saryarqa» газетінің меншік иесі болып табылатын «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС (бұдан ары қарай – газет) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының президенттігіне кандидаттардың (бұдан әрі – Кандидаттар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

– ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;

– кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады.

Кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері:

• 1-бет үшін – 300 теңге;
• 2-бет үшін – 200 теңге;
• түрлі-түсті беттер үшін – 250 теңге;
• ақ-қара түсті беттер үшін – 150 теңге.

Жарияланатын үгіт материалдарында қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлем, материалдың шығуына жауапты тұлғалар, қаржыландыру көзі туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

**«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС**

## *Құрметті жезқазғандықтар, қала қонақтары!*

*Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*1 мамыр күні қазақстандықтар үшін елдің тұрақтылығы мен өркендеуінің кепіліне айналған достықты, түсіністік пен келісімді бейнелейтін ерекше мереке аталып өтеді.*

*Тәуелсіздік жылдары елімізде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтуға және дамытуға ықпал етуші қоғамдық келісім мен конфессияаралық үнқатысудың бірегей үлгісі қалыптасты.*

*Осы мерекеде этномәдени бірлестіктерге, ардагерлер мен жастар ұйымдарына, белсенділерге қол жеткен жетістіктерді одан әрі дамыту мақсатында, қазақстандықтарды өзара рухани-мәдени байытуға, қоғам өмірінде азаматтық қадамдарды бекітуге, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды іске асыруға бағытталған риясыз бастамалары үшін ризашылығымызды білдіреміз.*

*Баршаңызға және әрбір қазақстандыққа амандық, бейбітшілік пен өмір игіліктерін тілейміз, өйткені әркімнің бақыты-ол еліміздің жарқын болашағының кепілі.*

***Мереке құтты болсын!***

***Қала әкімі Қ. БЕГІМОВ***

***Қалалық мәслихаттың хатшысы С. МЕДЕБАЕВ***

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ТОҚАЕВ пен ТҮГЕЛ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЕМТИХАН ТАПСЫРДЫ

**Сейсенбі күні президенттікке кандидат ретінде ұсынылған Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясы жанындағы лингвистикалық комиссияда қазақ тілінен сынақ тапсырды.**

Лингвистикалық емтихан барлық үш кезең бойынша өтті: тақырып бойынша жазбаша тапсырма жазу, мәтін оқу және лингвистикалық комиссия берген тақырыпқа көпшілік алдында кемінде он бес минут сөз сөйлеу. Емтихан тапсырылғаннан кейін лингвистикалық комиссия талқылау өткізіп, қорытындылады.

Комиссия жұмысы ашық және жариялы түрде жүзеге асырылды, ал бұқаралық ақпарат құралдары шешім қабылдау процесін байқауға мүмкіндік алды. Отырысқа Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сүлеймен Ләззәт Жаңылысқызы қатысты.

Емтихан қорытындысы бойынша лингвистикалық комиссия Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігі туралы ашық дауыспен шешім қабылдады.

Сондай-ақ, сәрсенбі күні «Ұлы дала қырандары» РҚБ атынан президенттікке үміткер Сәдібек Түгел де емтихан тапсырып, сүрінбей өтті.

9 маусымда өтетін кезектен тыс президент сайлауына сондай-ақ, Қазақстан кәсіподақтар федерациясынан экс-депутат Амангелді Таспихов, «Ақжол» демократиялық партиясынан мәжіліс депутаты Дания Еспаева ұсынылғанын естеріңізге саламыз.

## АЙЫППҰЛ МӨЛШЕРІ ТӨМЕНДЕЙДІ

**«ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы аясында айыппұл мөлшерін азайту қарастырылып отыр. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Әділет министрі Марат Бекетаев мәлімдеді.**

– Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, құқық қолдану тәжірибесі негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру, соның ішінде оны ізгілендіру және әсіре қатаңдығын төмендету бойынша мәселелерді пысықтады, – деді М. Бекетаев.

Осы орайда, әкімшілік құқық бұзушылықтардың кейбір құрамдарын алып тастау ескеріліп отыр.

– Реттеуші органдардың ұстанымына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтардың кейбір құрамдарын азаматтық немесе тәртіптік іс жүргізу арқылы қарауға болады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта, мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру және оларды автоматтандыру сияқты іс-шаралар орындалуда. Бұл ретте заң жобасымен әкімшілік құқық бұзушылықтардың отыз екі құрамдарын алып тастау ұсынылады, – деді министр.

Бұдан бөлек, әкімшілік құқық бұзушылықтардың жекелеген санкцияларын жеңілдету және төмендету қарастырылып отыр.

– Әкімшілік құқық бұзушылық санкцияларына жүргізген талдау оларды әкімшілік жауапкершілікті одан әрі ізгілендіру аясында жеңілдетуге және төмендетуге мүмкіндік бар екенін көрсетті. Мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары негізінде, сондай-ақ, талдау мен статистикалық деректерді ескере отырып, заң жобасымен қырық төрт құрам бойынша айыппұл мөлшерін азайту, он құрам бойынша әсіре қатаңдықты төмендету, алты құрам бойынша ескерту енгізу ұсынылады, – деді Марат Бекетаев.

## 2-3 ПАЙЫЗБЕН ИПОТЕКА БЕРУ МАМЫРДА БАСТАЛАДЫ



**Көпбалалы отбасыларға баспананы 2-3 пайыздық несиемен беру шаралары мамырда басталады. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында белгілі болды.**

– Елбасы көпбалалы отбасыларды қолдау шараларын күшейту үшін Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы жылдық 2-3 пайызбен тұрғын үй қарызын берудің жеңілдетілген тетігін әзірлеуді де тапсырды. Осыған байланысты жылдық екі пайызбен баспана қарызын алу үшін қандай шарттар көзделген? Сонымен көпбалалы отбасылар үшін жеңілдікті тұрғын үй қарызын беру қашан басталады? – деп сұрады депутат Бақытбек Смағұл.

Өз кезегінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жанар Жұбаниязова қазіргі уақытта бұл мәселенің қаржылық негіздемесі жасалғанын атап өтті.

– Қазіргі таңда ол экономикалық сараптамадан өтіп жатыр. Содан кейін қайтадан мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығына енгіземіз. Ұлттық экономика министрлігі мақұлдағаннан кейін, барлық тиісті құжаттарды рәсімдейміз, –деді ол.

Ж. Жұбаниязованың айтуынша, әкімдіктер тізімде тұрғандар аясында көпбалалы аналардың және де мүгедек балалары бар отбасылардың екі пайыздық несиеге баспана алу мүмкіндігі бойынша Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне жолдама береді.

– Сол жолдама бойынша осы отбасылар біздің банктен несие алу мүмкіндігіне ие болады. Біздің ойымызша, мамыр айының аяғына таман несие беруді бастаймыз, – деді ол.

Айта кетейік, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға 2 проценттік ипотека беру мәселесін қарастыруды тапсырған болатын. Аталған несие нақты үш категорияға берілуі керек. Олар – көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар және мүгедек балалары бар отбасылар.

## 500 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСҚАН

**Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бастамасымен осыдан екі жыл бұрын іске қосылған «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қарағанды облысында 500-ге тарта жоба жүзеге асқан. Бұл жайында «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің өкілдері мәлімдеді.**

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізінде аймақтарда жұмыс істеген бағдарлама көптеген жобалар мен тың идеяларға бастау берді.

– Бұл бағдарлама жайлы біздің облысымыздың шалғайдағы елді-мекендерінің тұрғындары да хабардар. Екі жыл ішінде 500-ге тарта жоба іске асырылды. Оның ішінде 16 жобаны аймақтың білім беру мекемелері ойлап тапты. Бүгінгі таңдағы басты мақсат – жобалардың жұмыс істеп тұрғандығын көрсету, – дейді «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бас менеджері Серік Санаубаев.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде облыстың білім ордалары қоршаған ортаны сақтау мен экологияны жақсарту мақсатында «Өз ағашыңды отырғыз», «Генералдар саябағы» сияқты жобаларды енгізген.

– Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті аталған бағдарламаны жүзеге асыруға белсене атсалысады. Биылғы жыл Елбасының бастамасымен «Жастар жылы» деп жарияланды. Бұл жыл аясында да көптеген шаралар атқарылуда, – дейді ҚарМТУ-дың ғылыми-зерттеу институтының директоры Гүлжан Кударынова.

ДЕЛЕГАТТАР ЛЕБІЗІ

## КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ ҚАМЫ



«Nur Otan» партиясының XIX съезінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттікке кандидат ретінде ұсынылуы елдегі осыған дейін қолға алынған игі істер мен іргелі жобалардың жалғасын табуы, саяси сабақтастықтың сақталуы тұрғысынан маңызды шешім болды деп санаймын.

Елбасы, партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық тәжірибесі БҰҰ деңгейінде жоғары бағаланады. Осы жаһандық құрылымда ол Бас хатшының орынбасары ретінде қызмет етті. Дипломатиялық жетістіктерімен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттік басқару саласында мол тәжірибе жинады. Ол ел дамуының ең күрделі кезеңінде Қазақстан Үкіметін басқарды. Естеріңізде болса, 1998 жылғы Азиядағы қаржы дағдарысынан кейін экономиканы қалпына келтіруге атсалысты.

Сондықтан, Қасым-Жомарт Тоқаевты – мемлекет басшылығына лайық кандидат деп санаймыз. Барша қазақстандықтар алдағы сайлауда белсенділік танытып, өзінің дұрыс таңдауын жасайды деп сенемін.

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,**
**«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, меценат**

## МАҚСАТ – АЙҚЫН, СЕНІМ – ЗОР



Биліктегі қандай ауыс-түйіс болсын көптің назарына ілігіп, оңтайлы шешім қабылдамаса шиеленіске ұласуы мүмкін. Бұл тұрғыда біздің ел көпке үлгі болатын қадам жасады.

Наурыз айында Елбасы президенттік өкілеттіктерін тоқтатқан сәттен бастап, әлемнің айтулы саясатшылары, сарапшылары қазақстандық осы модельге айрықша мән беріп отыр. Осының өзі – үлкен жетістік. Ал, одан кейін біз жаңа президентті сайлау күнін белгіледік. Осының бәрі кезең-кезеңмен, өркениетті жолмен өткізіліп келеді. «Nur Otan» партиясының съезінде президенттікке лайықты кандидат ұсынылды.

Өз басым Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси тәжірибесі, халықаралық деңгейдегі зор беделі оның алдағы сайлауда жеңіске жетуіне ғана емес, елімізді дамытуға бастайтын қарышты қадамдарға себеп болады деп сенемін.

**Гүлмира ҚАЖЕНОВА,**
**«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары**

## ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ ЖАЛҒАСАДЫ



Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы, «Nur Otan» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев партия съезінде көреген шешімін жария етті. Ел тізгінін саяси сабақтастық пен Ата заң талаптарын сақтай отырып табыстаған Елбасы партия атынан президент сайлауына Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынды.

Өздеріңіз білетіндей, 2019 жылғы 9 маусымда біз еліміздің келесі президентін сайлаймыз.

Тәуелсіздік жылдарында біздің республикамыз ұзақ жолмен келді. Экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларда түбегейлі өзгерістер болды. Қазақстан әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Қазір біздің мақсатымыз – ең гүлденген мемлекеттердің отыздығына ену.

Бұл үшін көп міндеттер шешіледі. Алға жылжу үшін мемлекет күшті әрі басқару жүйесі тиімді болуы керек.

Еліміздің ендігі уақыттағы басты стратегиясы – Елбасының кемел саясатын, оның бүгінгі күнмен сабақтастығын сақтап қалу. Бұл мемлекеттің тұрақтылығын, қоғамдағы келісімін сақтау. Қазақстанның әрбір азаматының өмірін жақсарту арқылы экономиканың дамуын жалғастыру.

Сондықтан, біз «Nur Otan» партиясының XIX съезі Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Қазақстан Республикасы Президентінің кандидатурасы ретінде ұсынған шешімін қолдауымыз қажет.

**Бауыржан ШЫҢҒЫСОВ,**
**«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты**

САЙЛАУ-2019

## ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ КАНДИДАТЫН ҚОЛДАДЫ



**Қарағандылық дәрігерлер ҚР Президентінің сайлауына Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсыну туралы «Nur Otan» партиясының XIX съезінің шешімін қолдау бойынша үндеу қабылдады. Өтініш 200-ге жуық адам қатысқан денсаулық сақтау қызметкерлерінің жиналысында айтылды.**

«Тәуелсіздік жылдары Қа-зақстан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді өткізуде, Денсаулық сақтау, білім, ғылым мен мәдениетті дамытуда ауқымды жетістіктерге қол жеткізді. Біздің азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекет саясатының реттілігі адам қызметінің барлық салаларында өз көрінісін табады. Экономика қарқынды дамуда. Егемен Қазақстан бүгінде еліміздің Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысының есімімен байланысты екені сөзсіз, деп атап өтті жиынға қатысушылар. Қазақстан елдің ұзақ мерзімді дамуы, әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыруда», – делінген хатта.

«Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясының төрағасы ретінде республика азаматтарының экономикалық әл-ауқатын жақсартуға, еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырудың кепілі болып қала береді. «Nur Otan» партиясының ҚР Президенті сайлауына Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсыну туралы шешімін толық қолдаймыз. Біз Елбасының стратегиясын жалғастыратынына және тәуелсіз Қазақстанның тұрақтылығын қамтамасыз етуге және одан әрі дамуына бағытталған стратегиялық бағдарламаларды тиімді және толық жүзеге асыру үшін барлық күш-жігерімізді жұмсайтынына нық сенімдіміз», – деді медицина қызметкерлері.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ТАҒЫ БІР КҮН ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Қарағанды облысында күннен қуат жинайтын электр стансасы іске қосылды. Жаңартылған энергия өндіретін нысанның ашылу салтанатына ҚР Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов қатысты.**



Қазақстанның энергетикалық кешені жаңартылатын энергия көздерінің тағы бір нысанымен толықты. Ол – Балқаш маңындағы Гүлшат кентінде орналасқан шетелдік инвестицияларға салынған күн электр стансасы.

– Бүгін біздің облыс үшін маңызды күн. Біз екінші ірі күн электр стансасын іске қосып отырмыз. Алдымызға үлкен мақсат қойдық, ол - Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстандағы баламалы энергия үлесін 30%-ға жеткізу. Біз оған сенімді түрде қадам басып келеміз. Биылғы қаңтар айында Саран қаласында қуаты 100 МВт болатын алғашқы күн электр стансасы іске қосылды. Бұл – Орталық Азиядағы ең ірі күн стансаларының бірі. Қазір біз «Гүлшат» КЭС-ын ашып жатырмыз. Маусым айында тағы бір стансаны Шет ауданында іске қосуды жоспарлап отырмыз, – деді Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов нысанды іске қосу рәсімінде.

Гүлшаттағы күн электр стансасы бір жылға жетпей салынып біткен. 104 гектар жерде 120 мыңнан астам панель орналасқан. Қуаты 40 МВт құрайтын станса Балқаш сияқты 5 қаланы энергиямен қамтамасыз етуге қауқарлы. Жыл сайын ол 58 млн кВ/сағ астам электр энергиясын өндіретін болады.

ҚР Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов атап өткендей, Қарағанды облысы – баламалы энергетиканы дамытуда еліміз бойынша көшбасшы. Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін өндіру көлемінің жартысы Қарағанды өңіріне тиесілі.

Станса құрылысы мен жабдықтарына 46 млн АҚШ доллары жұмсалды. Бұл – шетелдік инвестиция. Құрылыс кезінде нысанға 300 адам жұмысқа алынды. Стансада 20 маман қызмет көрсететін болады.

Күн электр стансасының ашылу салтанатына Еуропа Қайта Құру және даму банкінің өкілдері, қазақстандық күн энергетикасы қауымдастығының өкілдері, ардагерлер, Балқаш қаласының құрметті азаматтары, «Жасыл экономика» байқауының жеңімпаздары қатысты.

## «КҮЙ КЕРУЕНІ» ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

**Қарағанды облысында «Күй керуені» экспедициясы басталды. Оның қатысушылары мәдени мұрамыз болып табылатын «шертпе күй» музыкалық стиліндегі халық шығармаларын зерттейтін болады. Екі айда керуен өңірдің тоғыз ауданын аралайды.**



– Осылайша біз ата-бабаларымыз бен жерлестеріміздің музыкалық рухани байлығын зерттеп, сақтаймыз. Үш жылда бір рет осындай экспедициялар өткізіледі, бірақ биыл ол ерекше болмақ. Қатысушылар музыкалық мұра ғана емес, ежелгі аңыздар, ертегілер, ақсақалдарымыз бен әжейлерімізден естіген әңгімелерді жинайтын болады. Экспедиция аяқталғаннан кейін жиналған материалдарды зерттейміз. Жыл соңына қарай музыкалық анықтамалық пен диск жинағын шығаруды жоспарлап отырмыз, – дейді мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Ағымбаев.

Экспедиция құрамына бес адам кірді. Олар: филология ғылымдарының докторы, ҚарМУ профессоры және Қарағанды облысындағы шертпе күй мектебінің негізін қалаушы Қайролла Сәдуақасов, филология ғылымдарының докторы, ҚарМУ профессоры Берік Рахымов, өнертану докторы, Ұлттық мұражайдың аға ғылыми қызметкері Ардаби Мәулетұлы, «Арқа ақшамы» газетінің тілшісі Бек Ықыласов және бейнеоператор Еркебұлан Елтай.

Экспедиция өз жұмысын Ақтоғай ауданынан бастайды. Оның қатысушылары Ақтоғай, Қаратау, Қызыларай, Сарытерек, Нарманбет, Қошқар, Таран, Балқаш және Шашубайда болады.

Ардаби Мәулетұлының айтуынша, басты міндет – бұрыннан ұмытылған күйлерді, терме, жыр, аңыздар мен әңгімелерді есту және жазып алу болып табылады.

– Шараның бастамашы Шертпе күй мектебі болды. Ол Қарағандыда ашылған және де республика бойынша жалғыз мектеп болып табылады. Еліміздің түрлі аймақтарында күйлер әртүрлі орындалады, тіпті шертпе күйдің өзінің бірнеше түрі бар. Бірақ, бұл туралы көпшілік біле бермейді. Сондықтан осы музыкалық мұраны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу үшін біз экспедицияны ұйымдастырып отырмыз, – деді экспедиция мүшесі, өнертану докторы, Ұлттық мұражайдың аға ғылыми қызметкері Ардаби Мәулетұлы.

«Күй керуені» экспедициясы Тұңғыш Президенттің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды. Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы – ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі, ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің негізі.

## БИЫЛ ОБЛЫС БОЙЫНША МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

**Қарағанды облысында 1000 шақырымнан астам жол ретке келтірілуде. Биыл қалалар мен аудандардағы, сондай-ақ, облыстық және республикалық маңызы бар автожолдар жөнделетін болады. Өңір басшысы Ерлан Қошанов жол төсемінің сапасын бақылауды күшейтуді тапсырды.**

Асфальт төсеу барысында сапаны бақылау үшін жұртшылықты, депутаттарды тартыңыздар. Қатаң бақылаусыз ақшаның барлығы желге кеткендей болады, – деп атап өтті облыс әкімі.

Айтпақшы, сапаны енді жаңа ведомство – жол активтері сапасының ұлттық орталығы қадағалайтын болады. Ұйымның штатында 25 адам қызмет етеді. Мамандар күн сайын асфальт төсейтін учаскелерге барып, материал сынамасын алып, технологиялық нормалардың сақталуын қадағалайтын болады.

Осы жылы облыс орталығында Республика даңғылы мен Тәттімбет көшесін жалғайтын жол құрылысы аяқталуға тиіс. Тағы екі жаңа жолдың құрылысы басталады, олардың бірі айналма, ал екіншісі салынып жатқан көтерме-тарату логистикалық орталығына апаратын жолдар. Осының барлығы қала жолдарын жүк көліктерінен босатуға мүмкіндік береді.

Новодолинка-Шахан, Қарабас-Жартас-Долинка және Ақтоғай-Балқаш жолдарында күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда. Сондай-ақ, биылғы жылы Қарағанды қаласынан Саран және Шахтинск шаһарларына баратын тас жолдарда күрделі жөндеу жұмыстары басталады.

Су тасқынына қарсы шаралар аясында төрт көпір мен 12 су өткізу құбырын жөндеу жоспарлануда. Қарағанды-Тоғызқұдық-Ботақара тас жолындағы су өткізу құбырын күрделі жөндеу шілде айында аяқталады.

Қарағанды қаласының әкімі Нұрлан Әубәкіров хабарлағандай, 25 сәуірден кейін Федоров, Узенка және Майқұдық шағын аудандарындағы орамаралық жолдарды жөндеу басталады. Бұхар-Жырау даңғылында жол өтпесінен Гончарная көшесіне дейінгі және Саран тас жолында 15 магистральдан ДСК дейінгі жолда орташа жөндеу жұмыстары қарастырылған. Қала басшысының ақпараты бойынша, шұңқырларды жөндеу жұмыстары 25 мың шаршы метр жол төсемін қамтиды, бұл жұмыстар жаздың басында аяқталуы тиіс.

Облыс орталығында жарамсыз болып қалған жолдарды кепілді жөндеуге келер болсақ, мердігерлер ақауларды 25 мамырға дейін жоюға міндетті.

*Бет материалдарын дайындаған* **Дархан МҰХАН**

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

## *Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ:*

# ҰЛТ пен ҰЛЫСТЫҢ ЫНТЫМАҒЫН АРТТЫРҒАН КҮН

**«Бірлігі бекем ел озады» демекші, бүгінде әлемге татулық пен ынтымақтың үлгісін көрсетіп отырған қазақ елі – жүзден аса ұлт пен ұлыс мәдениеттерінің, тілдері мен діндерінің жарасым тапқан құтты мекені. Бір шаңырақтың астына жиналған Қазақстан халқының арман-тілегі бір. Ол – ел Тәуелсіздігінің тұғырлы болуы мен ымыра-бірлігіміздің артуы десек артық айтқандық емес. Бірлік күні қарсаңында Жезқазған қаласы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫМЕН сұхбаттастық.**



***– Қазақстандағы халық бірлігі, ішкі тұрақтылық тұрғысында 1 мамыр мерекесінің алар орны қандай?***

– Кеңес одағы кезінде де 1 мамыр мереке ретінде аталып өтетін еді. Бірақ, ол қазіргідей бірлік күні емес еңбекшілердің ынтымақтастығы күні деп аталатын. Өткенге оралар болсақ, аталған мереке бүгінгідей зор маңызға ие болмайтын. Сондықтан, халықтың бірлігін бекемдеп, достығын арттырған 1 мамырдағы мереке біздің өмірімізге 1995 жылдың 19 қазанынан бастап енді. Осы жылы Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқының бірлігі мерекесі деп белгіленген еді. Міне, содан бері түрі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір ұлт өкілдері тұратын Қазақстан халқы үшін бұл мереке дәстүрлі мейрамдардың біріне айналғаны сөзсіз.

Қазақтың басынан талай зұлмат өтті, соның салдарынан көп ұлтты ел болдық. Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанның болашағы бұлыңғыр деп күдікпен қарағандар көп болды. Мұндай негізсіз болжам жасауға біздің көпұлттылығымыз әсер еткені даусыз. Дегенмен, Қазақстан халқы сын-қатерлердің бәріне шыдас беріп, өзінің біртұтас ел екенін дәлелдей білді.Бірліктің, сенімнің және төзімділіктің арқасында тәуелсіз мемлекет орнатып қана қоймай, экономикасын нығайтты және азаматтардың ертеңгі күнге деген сенімін қалыптастырды.

Бүгінгі таңда әлемдегі құбылыстарды зерделей қарасақ, бейбіт өмір мен тұрақтылықтан, тыныштықтан қол үзіп қалған елдер бар. Тепе-теңдігі бұзылған, берекесі төгіліп, бірлігі сөгілген елдердің тұрмыс-тіршілігін көргенде қай-қайсымыз болсын еліміздегі тұрақтылық сақталса деп тілейтініміз анық. Сондықтан, біздің елдің басты құндылығы бірлігі болғандықтан, осынау мерейлі мерекенің маңызы күн санап артпаса кемімек емес. Елдікті сақтап, болашаққа нық қадам басу үшін осы бірлігімізді әсте уысымыздан шығарып алмауымыз керек.

***– Бұл мерекені атап өту форматы қандай болуы керек деп ойлайсыз?***

– Бірлік күнін шыны керек, 1 мамыр жақындағанда ғана еске түседі. Әрине, бұл – жіберілген үлкен олқылық. Бірлігімізді жыл бойы насихаттап, жырлауымыз қажет. Жоғарыда айтып өткенімдей бірлік – біздің байлығымыз. Ел ауызбіршілігі болмаса, береке де болмайды. Бұл сөзіме «Төртеу ала болса төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген халық даналығы да дәлел.

Бірлік күнін қарсы алуда қала тұрғындары мерекелік шеруге шығумен ғана шектеледі. Осы ретте мемлекеттік мерекені тойлаудың жаңа форматын енгізу қажет сияқты. Мысалы, барлық ұлт өкілдері салт-дәстүріне бойлатып, ұлттық асханасының сырын ашса деймін. Немесе мерекелік сауда-саттық мен ойын-сауық кезінде өзге ұлттарға басымдық беру қажет. Сонда ғана олардың өзара аралас-құраластығы артады. Мемлекеттік тілде шағын қойылымдар қойып, Әнұранымызды шырқап жатса жөн болар еді.

***– Қоғамдық келісім кеңесі алдағы мерекеге орай қандай іс-шаралар жоспарлап отыр?***

– Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымы саналатын қоғамдық келісім кеңесіне жүктелген міндеттер ауқымды. Дегенмен солардың ішінде ең өзектісі татулық пен тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз етуге атсалысу болып отыр. Өзге әлем елдері қызыға да қызғана да қарайтын біздегі түрлі ұлт өкілдері арасындағы ымыра-біршілік көп жылғы еңбектің жемісі. Біз осы қасиетімізді одан әрі дамытып, нығайту жолында тер төкпекпіз.

Қоғамдық келісім кеңесіне төрағалық еткен бір айдың бағдарында Жезқазған қаласындағы этно-мәдени бірлестіктермен жүздесіп, пікірлестім. Күні кеше ғана қоғамдық келісім кеңесінің отырысын өткіздік. Қордаланып қалған мәселелерді шешуде бірлесіп қызмет етуге келістік. Сонымен қатар, 1 мамыр Қазақстан халқы бірлігі күнін насихаттауда күш біріктірмекпіз.

Бүгінде Жезқазған қаласында кәріс халқының «Диндали», «Ватан» түркмен мәдени орталығы», неміс халқының «Возрождение», «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» мен татар-башқұрт ұлтының «Дуслык» этно-мәдени бірлестіктері жұмыс істеуде. Дегенмен, басқа этностар қамтылмай, сыртта қалып отыр. Осы ретте, тағы бірнеше халықтардың мәдени бірлестіктерін ашуға мұрындық болуды жоспарлап отырмыз. Мысалы, жүргізілген түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде жезқазғандық армян ұлтының өкілдері өз бірлестігін ашуға бет бұрды. Алдағы уақытта поляк, грузин сынды ұлт өкілдерін қамтуды межелеудеміз.

***– Этносаралық қарым-қатынас, қоғамдық келісімді нығайтудағы жезқазғандық этнобірлестіктердің жетістіктері жайлы да айта отырсаңыз.***

– Этно-мәдени бірлестіктердің қоғамдық келісімді нығайтудағы рөлі туралы айтып жатудың өзі артық. Қазақ халқы қашаннан кең пейіл, дархан көңілді. Жерінен күштеп көшірілген әр халықты кеудеден теппей, керісінше бауырына басты. Қазақ халқы өзге ұлт өкілдерін өзге елдер сияқты қыспаққа алмай, олардың дамуына жағдай жасады. Тілін, мәдениеті мен тарихын ұмытпауға мүмкіндік берді. Этно-мәдени бірлестіктер ашып, онда ұрпағына тарихи отаны жайында айтып, тілін үйреткен ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген ризашылығы бұрынғыдан бетер артты. Олар қазақ жеріне және халқына қарыздар екенін ұғынып, бірлік пен достықты жоғары бағалауға үйренді. Әр ұлт өкілі өз ұрпағына қазақ жеріне қалай келгенін айтып, көрген қамқорлығымен бөлісетініне сенімдімін. Әйтпесе, көп ұлтты әрі көп конфессиялы елде осындай айрандай ұйыған қоғамды құру қиынға соғар еді.

***– Этно-мәдени орталықтарды аккредитациялау жұмысы басталды деп естігенбіз. Сол аккредитацияның жайы не болып жатыр?***

– Этно-мәдени бірлестіктерді аккредитациялаудан өткізу әр үш жыл сайын жүзеге асады. Бүгінгі күні жезқазғандық этно-мәдени бірлестіктердің «Дуслык» татар-башқұрт орталығынан өзгесі Қарағанды облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» мекемесіне қажетті құжаттарын ұсынды. Облыстық комиссияның қарауынан кейін құжаттар Елордаға жөнелтіледі. Этно-мәдени бірлестікті аккредитациялауды республикалық комиссия шешеді. Аккредитациялау науқанын жүргізу еліміздегі этно-мәдени бірлестіктердің жұмысына жаңа леп береді деп күтілуде. Қазір олар қаржыландыру көзін мемлекеттен басқа тетіктерден қарастырады. Этно-ммәдени бірлестіктер аккредитациялау кезінде өзінің жұмыс жасап тұрғанын дәлелдей білсе, мемлекеттік конкурстарға қатысып, өз қызметін одан әрі дамыта алады.

***– Базарбай Әлеуханұлы, Қазақстан халқының бірлігі күніне қандай тілегңіз бар?***

– Туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде әрқайсымыз өз үлесімізді ел бірлігінің сақталуына, бейбіт те мазмұнды өмір кешуімізге атсалысайық. Ел тыныштығының тұнығы бұзылмай, бейбіт елдің берекесі арта берсін! Әр қазақстандық ел бірлігі үшін жауапты екенін түсінуі керек.

***– Уақыт тауып, сұрақтарымызға нақты жауап бергеніңізге рақмет!***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ



**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев былтыр 5 қазанда «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын жариялады. Онда Елбасы халықтың әлеуметтік ахуалын оңалту және азаматтарға жайлы орта қалыптастыру бойынша нақты тапсырмалар берді. Ол тапсырмалар жергілікті атқарушы органдарға зор жауапкершілік жүктеп отыр.**

Жолдаудың халық табысының өсуіне қатысты бөлігінде Елбасы төменгі еңбекақы мөлшерін 1,5 есеге дейін көтеру, бизнесті өркендету үшін кәсіпкерлікке қолдау көрсету сынды нақты бастамалар көтерді. Тұрмыс сапасын көтеру бөлігінде Нұрсұлтан Әбішұлы денсаулық сақтау, білім беру салаларына бюджеттен бөлінетін қаражаттың өсетінін мәлімдеді. Мемлекет басшысы: «5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет. Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек» деген болатын. Бұдан бөлек, «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылдау туралы бастама да жұртшылықтың қызу қолдауын иеленіп отыр.

Елбасы Жолдауында өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру бағытында да нақты міндеттер айқындалды. Құқыққорғау, мемлекеттік басқару, сот жүйесі органдарын реформалау жөнінде тапсырмалар беріліп, азаматтарды баспанамен қамтудың тың тетіктерін енгізу ұсынылды.

«Әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырамын. Мұндай тұрғын үй сертификаттарын беру біліктілігі жоғары педагогтер, медицина қызметкерлері, полицейлер және өңірге қажетті басқа да мамандар үшін ипотеканың қол жетімділігін арттырады. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтары үшін ірі қалаларда жалдамалы тұрғын үй құрылысын ұлғайту қажет. Бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасы үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Бюджет есебінен салынатын жаппай құрылыс алаңдарына арналған инженерлік инфрақұрылым жүргізуді қоса алғанда, мемлекет бес жыл ішінде 650 мың отбасыға немесе 2 миллионнан астам азаматтарымызға қолдау көрсетеді» делінген Елбасы Жолдауында.

Осы ретте Кеңгір ауылдық округы аумағында халықтың тұрмыс сапасын арттыру бойынша атқарылған, алдағы уақытта жоспарланған іс-шараларға тоқталып өтуді жөн көріп отырмын. Осыған дейін ауылдық округте елді-мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, автомобиль жолдарын күтіп ұстау мен жөндеу бойынша бюджеттен жеткілікті мөлшерде қаражат бөлініп, жоспарланған жұмыстар рет-ретімен атқарылуда. Мәселен, былтыр Кеңгір селосының елді-мекендерінің көшелерін жарықтандыру бойынша қызметтерге – 32 млн 700 мың теңге, оның ішінде: көшелерді жарықтандыру нысандарын ұстауға – 448 мың теңге, көшелерді жарықтандыруға төленетін шығындар – 2 386 000 теңге, Теректі елді мекеніне 94 дана жарықтандыру тіректерін орнатуға -19 млн 898 мың теңге, Кеңгір селосына 58 дана жарықтандыру тіректерін орнатуға 9 млн 968 мың теңге бөлінді.

Елді-мекендерді абаттандыру және көгалдандыру бойынша шығын 6 млн 980 мың теңгені құрады. Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге – 1 млн 440 мың теңге жұмсалды. Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге – 48 млн 593 мың теңге бөлінді.

Былтыр атқарылған жұмыстардың бірқатарына кеңінен тоқталар болсақ, су құбыры желілерінің апатты учаскелерін ауыстыруға село әкімдігі сметалық құжаттама әзірледі. Тазарту құрылысынан бас магистральға дейінгі ұзындығы 97 метр Ø200 су құбырын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жоғары қысымды сорғы сатып алынып, орнатылды. Бас магистральға ұзындығы 1350 м шаруашылық-ауыз су құбырын төсеу жұмыстары жүргізілген, бірақ жоғары қысымды сорғы орнатылмаған. Жалпы сомасы 33 млн теңгеге кәріз жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, атап айтқанда диаметрі 200 мм полиэтилен құбырларынан жасалған құбырлар төселді. Бұл жұмыстар 2019 жылы да жалғасады.

Былтыр Кеңгір селосында 58 жаңа жарық бағандары орнатылды. Теректі стансасында 94 жарықдиодты шамдары орнатылды. Былтыр сондай-ақ, «Өңірлерді дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Кеңгір ауылының ішкі жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Былтырғы жылдың елеулі оқиғасы деп Кеңгір ауылында «Uly Dala» гипермаркетінің ашылуын айтуға болады. «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен ашылған сауда нысаны ауыл тұрғындарына арзан азық-түлік өнімдерін ұсынып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға септігін тигізді. Сауда орны ашылғанда ауылымыздың 43 тұрғыны жұмысқа орналасты. Гипермаркеттің ашылуымен ауылымызда тіршілік жанданғандай болды.

**Қанағат ЖАНПЕЙІСОВ,**
**Кеңгір ауылдық округінің әкімі**

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

**Жезқазғанның 65 жылдық мерейтойы қарсаңында қаламызда 900 оқушыға арналған жалпы орта білім беретін мектептің құрылысы басталды. Мердігер ұйым мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес құрылыс жұмыстарын 20 айдың ішінде аяқтап шығуға міндеттеніп отыр. Білім беру саласының ұйғарымы бойынша жаңа білім ұясында мүмкіндігі шектеулі балалар мен Жезқазған-Ұлытау аймағының дарынды оқушылары оқитын болады.**

# ЖАҢА МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



«2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамыту» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қолға алынып отырған бұл құрылыс Қарағанды облысының 2019 жылғы әлеуметтік саладағы ауқымды жобасы қатарында саналады. Жобаның жалпы құны 1 780 710,9 мың теңге. Бас мердігер — «Аспап» өндірістік кооперативі, ғимараттың жобасын «Шебер» ЖШС жасаған. Биылғы жылы атқарылатын құрылыс жұмыстарына республикалық бюджеттен 1 млрд. 246 млн. 156 мың теңге қаржы бөлінді. Келісім шартқа сәйкес мектептің құрылысы 2020 жылдың қыркүйек айында толықтай аяқталуға тиіс. Жалпы бастауыш, негізгі және орта білім беруді қамтамасыз ететін жаңа мектеп үш сатылы білім беру бағдарламасына арналған. Сондай-ақ, мұндағы мүмкіндігі шектеулі балаларға коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсетудің арнайы мүмкіндіктері толықтай қарастырылады. Инклюзивті білім беретін «Өркен» орта мектебінің дарынды балалары да осы жаңа мектепте оқитын болады деп ұйғарылып отыр.

**Амандық РАХҰЛЫ**

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ЖАҢА БЕЛГІЛЕР ОРНАТЫЛДЫ




Қала көшелеріне орнатылып жатқан нұсқаулық тақтайшалардың жаңа түрі тұрғындардың назарын аудартпай қоймады. Онда көше сөзі үш тілде жазылса, оның атауы тек қазақ тілінде. Бұл әрине, бұған дейін көше атауларында кездестірілген көп олқылықтардың орнын толтыратыны сөзсіз. Көзі қарақты оқырманның осы тақтайшалардың оң жағынан орналасқан ақ түсті шаршының қажеттігі жөніндегі сұрағына жауап алу үшін қаланы абаттандыру мәселесіне жауапты қалалық тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Алмаз Жандарбековке жолығып, мән-жайды білдік.

– Биыл абаттандыру және көгалдандыру бағдарламасы шеңберінде қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің сұранысы бойынша 400 дана жаңа белгі орнату жоспарланды. Бұл жұмыстарға қалалық бюджет есебінен 849 мың теңге көлемінде қаржы қарастырылды. Қазіргі таңда конкурс негізінде анықталған мердігер шымкенттік «Казмастер» ЖШС белгілерді жаңартуға кірісіп кетті. Белгілері ауыстырылатын көшелерге тоқталар болсам, Алашахан, Бейбітшілік даңғылдары мен Ғарышкерлер бульварындағы, сондай-ақ, Абай, І.Есенберлин, Жеңіс, Ы.Анарқұлов пен Гагарин көшелеріндегі барлық нысандарға жаңа маңдайша орнатылмақ, – деген Алмаз Әлімбекұлы ақ түсті шаршыға арнай «код» орналастырылатынын жеткізді.

– Қазір – сандық технологиялар заманы. Сондықтан, елімізде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы іске қосылды. Оның нәтижесінде азаматтар кез келген мәліметті не болмаса қызметті жылдам электронды форма алу мүмкіндігіне ие болуда. Бүгінгі таңда еліміздің бірқатар қалаларында коммуналдық сала да цифрландыру үрдісіне қосылған. Біздің қалада әзірше пошта қызметінің индексі мен көше атауының тарихы енгізілетін болады. Дегенмен, болашақта нысан жайлы толық ақпарат енгізіледі деген жоспар бар. Әзірлену үстіндегі «е-қала» жобасы аясында тұрғын үйдің белгісіндегі арнайы «штрих-код» арқылы пәтерлердің жалпы аумағы, саны және тұрғындары жайында мәлімет алуға болады деп күтілуде, – деп түсіндірді.

Ал, Жезқазған қалалық пошта байланысы торабының басшысы Раиса Ложкинаның мәліметінше, белгілерге жазылатын пошталық индекс жеткізу қызметіне жаңа серпін бермек. Біріншіден, пошта қызметінің жылдамдығы артады.

– Қаладағы пошта торабының бірнеше бөлімшесі бар. Сондықтан, мекенжайға жөнелтілген хат пен мерзімді басылымдар абонентке жетпес бұрын бірнеше рет сұрыпталады. Ал, бұл жаңашылдық хатты бірден белгіленген мекенжайға жеткізуге мүмкіндік береді.

Көше атауларының латын графикасындағы қазақ әліпбиімен жазылмауының себебін сұрағанда, жауапты маман «Белгілерді орнатудың әзірлемесіне» сай әзірше ондай талап енгізілмегенін айтты. Ал, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі мамандарының айтуынша, белгілерді жаңарту жұмыстары әлі де өз жалғасын табатын болады. 2018 жылы идеологиялық тұрғыдан ескірген 18 көшенің атауы өзгергені белгілі. Сондықтан, олар кезек күттірмей жаңартылмақ.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# «БІРЛІГІМІЗ – БАЙЛЫҒЫМЫЗ»

**Жезқазған көлік және бизнес кол-леджінің «Қоғамдық келісім» залында қоғамдық келісім кеңесінің отырысы өтті.**

Кеңес отырысына төраға Базарбай Әлеуханұлы, Қарағанды облысы әкімі аппараты жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ-нің Жезқазған аймағы бойынша өкілі Арайлым Амангелдиева, кеңес жанындағы аналар кеңесінің жетекшісі Зинаида Чумакова, этнобірлестіктер төрағалары, мәдениет қызметкерлері, кәсіпкерлер, жастар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жиында этнобірлестік өкілдері Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық саясат, татулық пен бірлікті қамтамасыз ету жолындағы қыруар жұмысқа кеңінен тоқталып, мемлекет тарапынан түрлі диаспоралардың зор қолдау көріп отырғанын атап өтті.




# САПАЛЫ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛІ

**Қалалық әкімдікте міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жайында түсіндіру-ақпараттық жұмысы өтті.**

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ляззат Ранова ашып жүргізген жиынға мемлекеттік мекеме өкілдері, медициналық мекеме басшылары қатысты.

Жиын барысында Жезқазған медициналық колледжінің директоры Меруерт Молдина баяндама жасады. Ол өз кезегінде медициналық сақтандырудың түрлерімен таныстырып, оның тиімділігі жөнінде айтып өтті.

Барлығымызға белгілі 2017 жылдан бастап «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңы өз күшіне енді. Бұл құжат азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқығын іске асыру мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуді қарастырады. Бұл ретте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бірнеше кезеңнен өтіп, әрбір кезең жұмыс беруші мен азаматтардың қатысу үлесін ұлғайтуды қамтиды. 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғалар жарна аударуды бастаған болатын.

Ал, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда халықтың, мемлекет пен жұмыс берушілердің ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі. Бұл жүйе бойынша науқасқа екі пакет бойынша қызмет көрсетіледі. Олар: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру. ТМККК пакеті – әрбір адамға жедел және шұғыл жағдайларда көмек көрсету және қоғам үшін маңызы бар ауруларды бақылауға алу. ТМККК пакетін барлық азаматтар тегін пайдалана алады. МӘМС пакетіне адамның өмір сапасын жақсартатын медициналық қызметтер, сондай-ақ ұрпақ саулығының негізін қалайтын медициналық көмек түрлері кіреді. Яғни, кезек күттірмейтін шұғыл жағдайлардың бәрі — ТМККК пакеті арқылы, қызмет көрсетудің бұдан жоғары стандарттары, бағасы қымбат болып келетін қосымша қызметтер, кепілдендірілген пакетке енбеген сирек қызмет түрлері – МӘМС пакеті арқылы көрсетіледі.

Айта кетейік, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жарналарынан балалар, көп балалы аналар, ҰОС қатысқандар мен мүгедектер, мүгедектер, жұмыссыз отырғандар сынды он бес санаттағы адамдар босатылады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# ЖЕТІМ-ЖЕСІРЛЕРДІ ЖЕБЕГЕН «ХАРЕКЕТ»

**Кейінгі уақытта «Харекет» қайырымдылық қорының көп балалы, жағдайы төмен аналарға үй алып берген сауапты істері туралы хабарлар жиі көрініп жүр. Ізгі ниетті жандардың садақасы арқылы «1000 теңгеге — баспана!» бастамасымен жұмыс жүргізіп жатқан қордың біздің өңірде де өкілдігі бар. Атқарылып жатқан істері мен алдағы мақсаттарына нақты қаныға үшін «Харекет» республикалық қайырымдылық қорының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданы бойынша өкілі Медет Ержанұлы ЕСТАУОВҚА жолығып әңгімелескен едік.**



***– Медет бауырым, «Харекет» қоры қалай, қашан құрылды? Жоба жөніндегі идея кімнен шықты, яғни бұл істің жоғары жағында кімдер тұр?***

– Қор 2017 жылдың 5 тамызында құрылған. «Харекет» идеясының авторы әрі құрылтайшысы Гүлмира Мұқанқызы қайырымдылық қорының өмірге келуі туралы былай дейді. «Бірде фейсбуктегі: «Менің 3 мың досым бар екен, 1000 теңгеден жинап «чёрный касса» ойнасақ неше теңге болады?» деген постыны көзім шалып қалып, мұндай қадамды қайырымдылыққа бейімдесек қалай болады деп ойға қалдым. «Мұсылман бауырлар, менің ойым әр айда 1000 теңгеден жинасақ, оған 5 мың адам атсалысса 5 млн. теңге құралады екен. Осы қаржыға бір аса мұқтаж міскін жанға үй алып берсек. Мүмкін қайырымды жандар одан да көбейіп жатса, ай сайын екі жанға қол ұшын созармыз. Жылына 15-20 адамды қуанышқа кенелтіп, бақытты қылып жатсақ бізден бақытты жан болмас. Берген 1000 теңгеңіз қаншама сауапқа кенелтер еді. Алла баршамызға сауапты амалдар жасауды нәсіп етсін». Міне, құрылтайшымыз осы ойын әлеуметтік желі қолданушылар арасында таратып, көпшіліктің қолдауына ие болды. «Харекеттің» қадамы осылай басталды.

Қайырымдылық қорының негізгі мақсаты – жетім-жесір, көп балалы жалғызбасты аналар, мүмкіндігі шектеулі және тағы да сол сияқты мұқтаж жандарға халықтың демеуімен үй алып беру немесе үй салуына көмектесу, садақа арқылы қайырымдылық шарасының аясын кеңейте беру болып табылады. Мәселен, қор құрылғаннан бергі 89-шы пәтерді жуырда Қызылорда облысындағы мұқтаж отбасына алып берді. «Харекет» қорының шапағатын ең алғашқы болып біздің өңірдің адамдары көргенін ризашылықпен айтып өтуге болады. Оған Сәтбаев қаласында тұратын Майра Маханова ие болып, қуанышқа бөленген болатын. Жалпы қор құрылғаннан бергі бір жыл 7 айдың ішінде «Харекет» арқылы Сәтбаевта үш, Жезқазғанда бір отбасы баспаналы болды.

***– Ал, енді осы пәтер берілетін мұқтаж жандарды қалай анықтайсыздар? Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің құжаттары бойынша ма, әлде басқаша бір жолдары бар ма?***

– Біз мұқтаж жандарды үш топқа жіктейміз. Қызыл жолақты саналатын бірінші топқа бес және одан да көп баласы бар жағдайы төмен, күйеуі жоқ, ешқандай көмек алмайтын, пәтер жалдап тұратын аналарды жатқызамыз. Қазақстан бойынша осындай 2 мыңға жуық отбасы бар екен. Екінші топқа ең кем дегенде 4 баласы бар, жағдайы төмен, асыраушысы жоқ отбасы енеді. Көп балалы, отағасысы бар отбасыларын үшінші топ бойынша қарастырамыз. Мұндай жандар туралы деректі біреудің көршісі, біреудің танысы арқылы дегендей, біз еріктілермен бірге жұмыла отырып анықтаймыз. Мешіттермен де тығыз байланыста боламыз. Алматыдағы орталыққа әр облыс ай сайын анықталған 10 отбасының жағдайы туралы деректі нақтылап жіберіп отырады. Орталықта 7 адамнан тұратын алқа бар, әрі қарайғы мәселе сол алқа арқылы шешіледі. Қор құрылып, жұмысын бастаған алғашқы кездері үш-төрт айда 2-3 пәтерден берсе, қазір ай сайын 8-10 отбасы баспаналы болуда. Қайырымдылық шарасына халықтың ынтасы артып келеді. Негізі әр өңірдің қайырымдылыққа қосқан үлесі арта түссе, сол жердің адамдарын баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігі де арта түседі. Үстіміздегі жылдың ақпан айынан бері жұмысын бастаған біздің Жезқазған-Ұлытау өңірінің қайырымдылық қорына жұртшылықтың қосқан садақасы аса қомақты деп айта алмаймыз, 360 мың теңгедей ғана болып отыр.

***– Медет Ержанұлы, ақша жүрген жерге адамдардың күдікпен қарайтыны белгілі. Сондықтан қордың жұмысының жүйелері жайлы көпшілікке кеңінен түсінік беріп өтсеңіз дұрыс болар еді.***

– Үстіміздегі жылдың ақпан айының 28-де біздің қолға алуымызбен «Армандар орындалады» деген концерт ұйымдастырып, өңір тұрғындарын қордың мақсатымен таныстырдық. Сол шараның аясында еліміз бойынша 74-ші пәтер жезқазғандық Айгүл Қалыбаеваға бұйырды. Үш баласын жалғыз өсіріп отырған ол ІІІ-топтағы мүгедек, Мадияр деген баласы І-топтағы мүгедек. Қаланың 9-шы орамынан екі бөлмелі пәтер алып бердік. Қуанғаннан көз жасына ерік берген жанды көрудің өзі одан әрі жақсылық жасауға жігерлендіреді. Қайырымдылық қорының «1000 теңгеге — баспана!» ұранына қолдау білдіріп, сауапты амал жасауға ұмтылған жандар ақшасын көрсетілген есепшотқа терминал арқылы салады. Ол қаржының Алматыдағы орталық арқылы тиісті есеп-қисабы жүргізілетіні белгілі.

Бірден айтайын, «Харекеттің» аймақтағы өкілі ретінде мен өзім және орынбасарым бір тиын алмаймыз. Алланың ризалығы үшін барлық жұмысымызды қоғамдық негізде тегін атқарамыз. Шүкіршілік, жан бағып отырған негізгі кәсібіміз бар. Терминал арқылы ақша аударуды насихаттаумен қатар, еріктілердің қатысуымен үй тағамдары, киім-кешек тауарларының жәрмеңкесін ұйымдастырып, содан түскен қаржыны қорға аударамыз. Сондай-ақ, концерт, әртүрлі спорт жарыстары түрлерін қамтитын қайырымдылық кештерін өткіземіз. Кәсіпорын, мекеме ұжымдарымен кездесіп, үгіт-насихат жұмыстарымен шұғылданамыз. Дүкендерге «Харекет» қорының садақа жәшіктері де қойылған. Оған түскен ақша да қатаң бақылауға алынады. Мәселен, жәшік дүкен иесінің қатысуымен ашылып, түскен қаржы арнайы журналда рәсімделеді, тиісті мөрі басылады. Бұл істің басы-қасында қор өкілімен бірге екі ерікті қатысып, қадағалайды. Қайырымдылыққа үндейтін іс-шаралардың аясын одан әрі кеңейте беру мақсатында алда біраз жоспар-жобаларды қарастырудамыз. Кейбірін атап өтсек, мамыр айында «Дәстүрді ұстанған иманды келін» атты аймақтық келіндер сайысын өткізбекпіз. Футбол турнирі ұйымдастырылады. Оған әр өңірдегі жарыстарда жеңімпаз атанған үздік командалар қатысады. Қорға қаржы тарту мақсатында осы шаралардың аясында жәрмеңке өткізіледі. Рамазан айында да қайырымдылық іс-шаралары кеңінен қолға алынады. Кейіннен дүбірлі айтыс өткізу ойымызда бар.

Міне, осының барлығын адамдардың пейілін жақсылық жасауға, қайырымдылыққа аудару ниетімен ұйымдастырамыз. Жетім-жесірлерімізді жебеп, жағдайы төмен жандарға демеу болу үшін садақа беріп, қайырымдылық жасау үлкен сауапты іс. Олай болса, сауапты амалдардан шет қалмайық, ағайын!

*Сұхбаттасқан*
**Амандық РАХҰЛЫ**

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІЛІК БАСТАУЫ

# ТІЛ ҮЙРЕНУ ЕШҚАШАН КЕШ БОЛМАЙДЫ

Осыдан оншақты жыл бұрынғы көргеніміз есімізден кетпейді. Қолы ұзындау ағайынның бірінің үйіне қонақтап бара қалған едік. Балабақшадан келген кішкенесіне шешесі «Жылдамдатып, тамағыңды ішіп ал, қазір апайың келіп қалады» деп жатты. Бала байғұс апыр-топыр алдына қойылған тамағын асай бастады. Ол енді орнынан тұра бергенде «апайы» да келді.

«Нурик, міне, апайың келді, тамағыңды ішіп болсаң, бөлмеңе бара ғой» деген шешесі «кітабың сол кешегі орнында тұр» дегенді де нығарлап айтып жатты.

«Жаңа ғана балабақшадан келген балаға мынау апайы не үйретпекші екен?». Санамда ойнақ салған осы ойдың жауабын табу маған қызық көрінді. Ақыры, шыдамадым.

«Бұл мұғалім бе? Не үйретіп жатыр? Біз де баламызға үйретейік» деп, үй иелерінен суыртпақтап сыр тартуға көштім.

«Ағылшын тілін оқытады. Күніне екі сағат, аптасына бес рет келеді, кешкілік. Айына 70 мың төлейміз» дегенді естігенде аузым ашылып қалыпты. 70 мың әжептәуір салмағы бар ақша еді, түсініктірек айтқанда, менің екі айлығым болатын.

«Оу, балаларың әлі мектепке де барған жоқ қой. Әліппенің бетін де ашқан жоқ. Ағылшынша қиындау тимей ме?» деп әңгімені одан әрі жалғай түстік.

«Қиындау екені рас. Бірақ, тіл үйрену қашан оңай болып еді? Қайта осы жасында оқығаны дұрыс шығар, миында қалады ғой» деген кезде шыдамай кеттік. «Миына бірыңғай ағылшын барып орнығып алып, қазақшаға орын қалмай жүрмей ме?» дедік. Бірақ, біздің мұңымызға да жауап дайын болып шықты.

«Бұрын орысша білмесек, нан тауып жей алмайтын едік, ендігі заман ағылшын тілін білетіндердің заманы. Қазақшаны үйде айтып отырамыз ғой, ұмыта қоймас» деді үй иелері. Бұл әлі үштілділік тұжырымдамасының қабылдана қоймаған уақыты еді.

Біздің бір нәрсеге ұмтылсақ, алды – артымызға қарамай сүңгіп кететініміз жаман. Әрине, көп тіл білген өте жақсы, бірақ, өзге тілді меңгерудің тасасында туған тілің қалып қоймай ма? Жалпы «Тіл – ұлттың жаны» деп неге айтылады? Өйткені, тілдің аржағында ұлттың бүкіл болмыс-бітімі, тұтас тарихы, салт-дәстүрі, яғни, барша құндылықтары жатыр емес пе? Сондықтан да, кешегі де, бүгінгі де зиялылардың «балаға ең алдымен өзінің ана тілін оқытайық» деп зар илейтіні сондықтан. Кезінде Шона Смаханұлы бүкіл Алматыны аралап, «қазақ мектебін ашу туралы» талап-хатқа неге қол қойдырып шықты дейсіз? Әйтпесе, Сәбең, Сәбит Мұқанов үлкен бір жиында Ғабит Мүсіреповпен «Егер сен қазақ тілін керек қылмасаң, сонда кімге керек? Сенің жазған кітабыңды өз балаң оқымаса кім оқиды?» деп қазақтың тілі үшін неге сөзталасқа барды дейсіз? Тіл төңірегіндегі күрес әлі күнге шейін жалғасып жатқаны айтпаса да белгілі. Міне, осындай жағдайда мектептердің бірінші сыныбынан бастап қазақтың баласына орыс және ағылшын тілін оқытуды енгізу қоғам тарапынан қатты қарсылыққа тап болды. Бірақ, соқыркөз, тасқұлақ шенеуніктер халықтың жанайқайына құлақ аспады. Қарапайым халық түгілі, еліміздің жоғары лауазымды тұлғаларының пікірін де ескермеді. Әйтпесе, еліміздің қазіргі Президенті Қ.Тоқаев кезінде Туиттер әлеуметтік желісіндегі парақшасында «Бірінші сыныпта шет тілін емес, Қазақ тілін оқытудың қажеттігі» туралы өзінің пікірін жариялаған екен. Бірақ, төбеден тура бұйрық түспесе басқаға бұрылмайтын бишікештер «Бұл дұрыс айтылған сөз екен» демеді, өз білгендерін істеп бақты. Соның кесірінен халық арасында үштілділікке ұмтылу орнына керісінше, бұған деген қарсылықты көңіл-күй белең алды. Ал, кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту қолға алына бастағанда, ел бейнелеп айтқанда, «күңіреніп» кетті.

Бізде көп нәрсе Бірінші басшының қас-қабағына байланысты атқарылады. Бұл біржағы дұрыс та. Бірақ, кейде біріншінің де байқамай қалатыны немесе оны өздерінің істерінің дұрыстығына сендіріп қоятындардың арбауына алданып қалатыны да жасырын емес. «Сіздің тапсырмаларыңыз мүлтіксіз орындалып жатыр» деп «рапорт» беруді көздеген министрдің Елбасын «ағылшын тілінде сабақ оқытуға әзірміз» деп сендіріп бақканына күмән жоқ. Алғашында өзі тағайындаған шенеуніктің сөзіне иланған Елбасы кейінгі сөздерінің бірінде «математика, физика, т.б. пәндерді ағылшынша оқытуды сәл кейінірек енгізген жөн» деген тұрғыда пікірін білдірген еді. Жаңа Үкімет құрамында жаңадан сайланған министр келген соң бұл бағыттағы көптеген кемшіліктердің беті ашылып, ауа жайылушылық тоқтатылды.

Бұл тұрғыда еліміздің қазіргі Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұстанымы қандай екен? Мұны неғұрлым жақсырақ білу үшін ақын, журналист Қазыбек Исаның «Сайлауымыз – әділ, үміткеріміз әділ болсын!» деген мақаласынан үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік.

«Былтыр, Бұқаралық ақпарат құралдары күні, бір үстелде отырған журналистермен әңгіме үстінде Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жас кезімде журналист болуды армандаған едім. Бірақ, сәті түспей, кейін Мәскеудің халықаралық университетіне түстім» деп, айтып қалды.

– Әрине, әкеңіз Кемел Тоқаев белгілі жазушы болғасын, журналист болуды армандауыңыз заңдылық қой – деп, мен сөз қосып қойдым.

– Сіз қазір де журналистердей мақалалар жазып жүрсіз ғой, – деді «Егемен Қазақстан» газетінің басшысы Дархан Қыдырәлі.

– Иә, алдыма дайындап әкелген мәтіндерді көбінесе, ұнатпай, өзім жазуға тырысамын» – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Әңгіме Қ.Тоқаевтың твиттердегі бірінші сыныпта ағылшын тілін емес, қазақ тілін оқыту керектігі туралы, ел жаппай қолдап жатқан құнды кеңесіне келгенде Қасым-Жомарт Кемелұлы:

– Ағылшын тілін, жалпы шет тілдерді бастауыштан кейін, 5-сыныптан бастап оқыту керек. Біз өзіміз солай оқыдық қой, – деді.

– Жаратылыстану пәндерін, физика, математика пәндерін ағылшын тілінде оқыту деген қалай болады? Оған дайын мұғалімдер бар ма?-деп риторикалық сұраулы жүзбен қарады бізге.

– Білім министрі Сағадиевтың «Ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдердің барлығы дайын тұр» деп зуылдауының бәрі өтірік. Кеше ауылдан келген мұғалімдер «Ағылшын тілінде сабақ беру қазір мүмкін емес, босқа халық қаржысын шашу, ертең балаларымыз дүбара болып, қатты зардабын тартамыз» деп зар жылап кетті, – дедім мен әңгіме өзіміз күнде көтеріп жүрген негізгі тақырыбымызға ауысқанын қолдап.

Сөз арасында Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақ үні» сайтындағы «Тоқаевтың тоқетер сөзін түсінбейтін депутаттар да бар екен» деген мақаламызды оқығандығын айтып, рахметін білдірді. Мен «үкімет айтса, үндемеу, министр не десе де, мыңқ етпеуді меңгерген депутаттарға салса, ағылшын тілін балабақшадан бастайық деп шығады ғой» деп, кейбір «халық қалаулыларын» да түйреп өттім арасында… (Айтпақшы, кезінде шет тілін бастауыш сыныптан кейін ғана оқыту керектігі туралы Тоқаев тоқетерін айтқанда, келіспей қарсы болған әлгі депутаттар қазір басқаша сайрай бастады).

Иә, кезінде шет тілін 5-сыныптан бастап оқып-ақ, кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген, әлем мінберінде ағылшынша талай сөйлеп, баяндама жасап жүрген , Сенат төрағалығын сенімді атқарған, енді міне, Қазақстан Президенті болып, мемлекет тізгінін қолына алған Қасым-Жомарт Тоқаевтың нар тұлғасы – өзі айтқандай, балаға шет тілін бастауыштан кейін оқыту – талқылаусыз таңдау, өмірлік өзекті қағида екенін анық білдірмей ме?

Былтыр Қасым-Жомарт Тоқаев осылай көтерген білім саласындағы келеңсіздіктерге биыл нүкте қойылғанын ел қуанышпен қабылдағаны айқын. Мемлекет тізгінін қолға ала салысымен «Рухани жаңғыру – Қазақ тілінен басталады» – деп мәлімдеп, алдымен Ұлттық мүддемізге – Мемлекеттік мүддемізге басты назар аударуда». Міне, әріптесіміз ел Президентінің тіл төңірегіндегі ұстанымын осылайша жеткізіпті. Шынында да, тіл үйрену ешқашан кештік етпейді. Керісінше, баланы тым ерте бастан көп тіл білуге үйретудің кері әсері болуы мүмкін. Өз ана тілінің нәрін бойына барынша сіңіре білмеген ұрпақ өз ұлтына үрке қарап өсуі де мүмкін. Ең басты қауіп – осында. Әйтпесе, ешкім де ешқашан баласының бірнеше тіл білгеніне қарсы болмайды. Бірақ, тіл үйретудің де өз уақыты бар. Кейбір аса дарынды жаратылғандары болмаса балалардың бәрінің қабылет-қарымы деңгейлес келеді. Олар бастауыш сыныптарда оң мен солын танып болған соң ғана шет тілдерін үйрене баса да кеш болмайды. Асығыстық кейде адамды адастырып жатады. Өмірде адаспас үшін тіл үйренуде адаспаған да дұрыс -ау..

**Абдолла ДАСТАНОВ**

МАМАН КЕҢЕСІ

# КОМПЬЮТЕРЛІК ТӘУЕЛДІЛІК ҚОҒАМ ДЕРТІ МЕ?



Қазіргі замандағы ғаламторға, әлеуметтік желілерге, компьютерлік ойындарға әуестенушілік – қолданушыларды тұрақты түрде тәуелділікке апаратын психикалық дерт. Кейде оның екпінді еліктіретіні сондай адам виртуалды әлемнің айлап, не жылдап құрбанына айналады,

Балалардың ойынға тәуелділігі тек екі жағдайда туындайды: ата-ананың асыра қорғаштауы,яғни барлық нәрсеге тиымның жоқтығы, екіншісі ата-ананың бала тәрбиесімен айналысуына құлқысының жоқтығы.

Әлеуметтік сараптамаға көз жүгіртсек, он екі-он бес жастағы жеткіншектердің алпыс пайызы әлеуметтік желіде сөйлеседі. Он үш пайызы аптасына отыз сағат компьютерлік ойындар ойнайды. Төрт пайызы ғаламтордағы танымдық желілерде уақытын өткізеді.

Ал, ересектердегі тәуелділікке келсек, бұл қарым-қатынасқа зәру не тілек мақсаттарын жүзеге асыра алмаған жандардың амалы. Нәзік жандылар көбіне әлеуметтік желілерге тәуелді, ар ер адамдар стратегиялық ойындарға тәуелді

Әрине мұндай іс аз да болса адамға ләззат сезімін, яғни эйфорияның жеңіл түрін туғызады, психофизиологиялық деңгейде адамның жағымды эмоцияға қажеттілігін өтейтін эндорфиндердің сыртқа шығуынан\ жақсы күйге жауап беретін гармондар\компьютерлік тәуелділік қалыптасады.

Бұл тәуелділіктің бірнеше түрі бар: «сетеголизм» әлеуметтік желіде ұзақ уақыт отыру, «кибераддикция» ойынға тәуелділік, «интернет серфинг» жаңалықтарды, мақалаларды, кеңестерді оқуға тәуелділік

**Тәуелділіктің белгілері:**

– ұдайы телефон, компьютер, планшетпен манипуляция;

– әлеуметтік байланыстан не ойыннан назарын бөлген кездегі ашушаңдық не енжарлық;

– кәсіби міндеттеріне, үй шаруасына, оқуына құлықсыздық. Қызығушылығының, достарының қатарының азаюы.

Компьютерге тәуелділердің де денсаулығы зардап шегеді, ағзаның қорғаныш қабілеті төмендейді, көздің көру қабілеті нашарлайды, буыны сырқырайды. Психоэмоционалды бұзылу да байқалады: көңіл күйі өзгермелі, жақындарына деген салқындық, ұйқының бұзылуы, өмірлік белсенділіктің, түрткінің төмендеуі.

Сөз соңында психолог ретінде берер кеңесім: тәуелділік құрбанына тиым салу әдісімен емес, өзара сенімді қарым-қатынас орнату, ал ересектерді өмір құндылықтарын қоршаған ортаның әсемдігін тануға жұмсақ бағыттау.

Жақындарыңызға дұрыс сын келеке айтаңыз. Тұлғаны қорламаңыз, тек әрекетінің дұрыс еместігін түсіндіріңіз.Балаңыздың бос уақытын тиімді ұйымдастырыңыз. жақындарыңызға қандай жағдай болмасын оны қолдап көмектесетіңізді сезіндіріңіз.

**Перизат ӨТЕЕВА,**
**Жезқазған қаласы ПБ КСБ инспектор психологы, полиция майоры**

МЕРЕЙТОЙ

# ӨНЕР МЕКТЕБІ 60 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІ

**Жезқазған қаласының өнер мектебі 60 жылдық мерейін жоғары деңгейде атап өтті. Дүркіреген мерейтой Халықтар достығы мен мәдениет үйінде өтті.**



Балаларға бақытты балалық шақ сыйлап, оларды өнерге баулитын киелі шаңырақ бүгінгі күнге дейін елу мыңнан астам түлек ұшырған. Олардың алды – республикалық, тіпті, халықаралық сахналарда өнер көрсетіп жүрген талантты азаматтар. Балалардың бойына өнерге деген махаббаты ұялататын ұстаздардың еңбегі ұшан-теңіз.

Есептік концертте талай жылғы еңбектің нәтижесі көрсетілді. Өнердің қай түрі болмасын өзінше ерекше. «Шабыт» домбырашылар ансамблі, «Балдәурен» скрипкашылар ансамблі, «Дала гүлдері» бишілер ансамблі, гитара, қобыз, фортепиано – осының барлығы бір сахнада тоғысты. Ал, жас суретшілердің туындылары жеке көрме болып көпшілікке ұсынылды.

Салтанатты мерекеге өнер мектебінің қалыптасуына үлес қосып, талай шәкірт тәрбиелеген ардагер ұстаздар қатысты. Оларға өнер мектебінің атынан құрмет көрсетіліп, гүл шоқтары тарту етілді. Одан бөлек қалалық мәслихат депутаттары, мемлекеттік мекеме басшылары, қала мектептерінің басшылары, қала жұртшылығы қатысты.

Алғаш болып мектеп ұжымын қалалық мәслихат депутаттары атынан Хансейіт Бөлен құттықтады. Ол өз сөзінде өнер мектебі қаланың мәдени өміріне өлшеусіз үлес қосып келе жатқанын атап өтті. Депутаттың сөзі марапаттау рәсіміне жалғасты. Балалар өнер мектебіінң директоры Жомарт Құрықов, мектептің скрипка мұғалімі Татьяна Кузнецова, бейнелеу өнері мұғалімі Алмас Пазылов, теориялық тәрбие беру мұғалімі Жібек Төлепқалиева, мектептің бас есепшісі Жұмакүл Оразбекова Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Теориялық тәрбие беру мұғалімі Светлана Степанова, фортепиано пәнінің мұғалімдері Эльвира Гопонюк пен Инна Шуть, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Қарлығаш Аманжолова, домбыра пәнінің мұғалімі Айнұр Ақтайбекова, бейнелеу өнері мұғалімі Рубина Жұмабаева, теоретика бөлімінің мұғалімі Леся Джумаева Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасына ие болды.

Өнер мектебін мерейтоймен құттықтауға асыққандардың қатарында Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы болды. Оның төрағасы Марат Қоңырбаев сөз алып, өнер мектебінің 60 жасы мысты қаламыздың 65 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуі жақсылықтың нышанына балады.Өнер ордасы қаланың қалыптасып, дамуына өзіндік үлесін қосқан киелі мекен екенін жеткізген ол мектеп директоры Жомарт Сайлауұлына «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» күміс төсбелгісін және естелік сыйлықтарды табыстады. Сондай-ақ, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақыт Жүсіпбекова, хореография пәнінің мұғалімі Елена Пятина, жалпы эстетикалық бөлімі мұғалімі Раиса Аймағамбетова, домбыра пәнінің мұғалімі Сәнім Есенова, бейнелеу өнері мұғалімі Ануар Әлімов кәсіподақтың Құрмет грамотасына лайық деп танылды.

Бұнымен ұстаздардың еңбегін бағалаған марапаттар толастамады. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаева да өзінің жүрек жарды лебізін білдіріп, өнерлі өрендерді дайындап жүрген бірқатар ұстаздарға құттықтау хатын табыстады.

Өнер мектебінің қуанышын бөлісуге келген қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов те құттықтаушылардың қатарынан табылды. Ол мектептің домбыра пәнінің мұғалімдері Айткүл Қиянбекова мен Бибігүл Төлегенова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жанна Шинге Қарағанды облысы білім басқармасының Құрмет грамотасын табыстады. Оған қоса қобыз аспабының қыр-сырын үйретіп жүрген Айсұлу Сайлау мен вокал мұғалімі Эльмира Гуткнихт Жезқазған қаласының білім бөлімі мен кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасына ие болды.

Осындай мадақ пен марапат жауған күні өнер мектебінің оқушылары өздерінің өнерлерін ортаға салды. Сахнадан күй де төгілді, қобыздың қоңыр дауысы мен жетігеннің әуені көрермендерді әсем күйге бөледі. Сонымен қатар, әлемдік шығармалар түрлі аспаптардың сүйемелдеуімен орындалды. Мектептің бишілері Арқаның жазық даласын, татардың ырғақты қимылдарын, испанның қызуқанды мінезін би қимылдарымен көрсете білді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ДАРА ДАРЫН

Қазақ театр өнеріне риясыз қызмет еткен талантты режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Жанат Әубәкірұлы Хаджиев биыл 70 жасқа толып отыр.

Жанат Хаджиев 1949 жылы 1 мамырда Алматы облысы, Қарасай (бұрынғы Қаскелең) ауданы, Үшқоңыр тауының етегіндегі жоғарғы Шамалған (қазіргі Ораз Жандосов атындағы) ауылында дүниеге келген.

Анасы Мируана белгілі қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың кенже қарындасы, ал әкесі жағынан Жанат атақты Балғожа бидің ұрпағы болып келеді. Ораз Жандосов «халық жауы» деп ұсталған кезде Жандосовтар әулетімен бірге бұлар да қуғынға ұшырап, отбасы көп қиындық көреді. Бұл қиындықтан Жандосов ақталған кезде ғана құтылады.

Жанат Әубәкірұлының балалық шағы Алматы облысының Шамалған аулында өтеді. Осындағы бастауыш мектепті бітірген жылы үй іші Алматыға көшеді. Орта мектепті 1966 жылы Алматыдағы №41 мектептен бітіріп шығады.

Жанат Әубәкірұлына өнер анасы Мируанадан дарыған. Анасы жас кезінде опера және балет театрының актрисасы болыпты. «Қыз Жібек» спектаклінде екінші құрамда Қыз Жібектің партиясын орындаған екен. Ағасы Ораз қарындасының өнер жолын қууына қарсы болғандықтан, амалсыздан театрмен қоштасуға тура келіпті. Бірақ, жиын-тойда әуезді даусымен Қыз Жібек, Төлеген, Бекежан, Шеге, Дүриянның арияларын орындап, тыңдаушыларының құлақ құрышын қандырады екен. Сондықтан анасының театр, өнер адамдары жайлы әңгімелері Жанаттың құлағында жастайынан сіңісті болып, оның театр жайлы көзқарасының ерте қалыптасуына жол ашады. Сөйтіп, бала кезден өнерге қызығушылығы артып, орта мектепте оқып жүрген кезден-ақ актерлік курсқа түсіп оқиды.

Орта мектепті бітірген соң 1967 жылы Мәскеудегі М.С.Щепкин атындағы Жоғары театр училищесіне түседі. 1972 жылы училищені бітірген он жеті жастың бірі болып Торғай облыстық театрын ашуға белсене қатысады. Театр шымылдығын ашқан М.Әуезовтің «Айман - Шолпанында» – Арыстан бейнесін сомдайды. Бұдан кейін М.Кәрімнің «Ай тұтылған түнінде» – Дәруіштің, Ә.Таразидің «Күлмейтін комедиясында» – Сәнжан, В.Эрвенің «Түлкі бикешінде» – Шамплятро және т.б, қайталанбас тамаша образдарды сомдайды. Кейін өзін ертеден қызықтыратын режиссерлікке біржола бет бұрады.

1980 жылы консерваторияның режиссура бөліміне, Әзербайжан Мәмбетовтің курсына оқуға түседі. Үшінші курста оқып жүрген кезінен бастап Алматыдағы Балалар мен жасөспірімдер театрына жұмысқа қабылданады. Дипломдық жұмысы Ә.Таразидің «Жақсы кісі» спектаклі болды. Балалар мен жасөспірімдер театрында Т.Ахтановтың «Күшік күйеу», С.Адамбековтің «Біздің үйдің жұлдыздары», Ә.Әбішевтің «Нұрлы жаңбыр», М.Байжиевтің «Әр үйде мереке» сынды спектакльдерді қойып, режиссерлік тәжірибе жинақтайды. Дегенмен, өзі іргетасын бірге қаласқан театрдағы достарының «Торғай театрын бірге көтерейік» деген шақыртуымен жанына жақын Арқалық театрына қайтып оралады.

Шығармашылық еркіндік шабыт берген Жанат Әубәкірұлы бас режиссер, көркемдік жетекші ретінде С.Қожамқұлов театрының биік белестерге көтерілуіне бүкіл күш-жігерін сарп етеді. Ол қойған спектакльдер режиссерлік тың шешімдерімен, ерекше концепциясымен жаңалыққа толы болды. Соның бірі – «Қыз Жібек» спектаклі.

Жанат Әубәкірұлы торғайлық көрермен назарына Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» спектаклін 1986 жылы 15 желтоқсанда ұсынды. Бұл спектакльді қоюға ол ұзақ дайындалады. Анасының Бекежан, Жібек, Төлеген туралы айтқан әңгімелерін еске түсіріп, әр образға басқа қырынан келіп, ойша әбден пісіп-жетілдіреді. Қыз Жібек пен Төлеген рөліне Алматыдағы Өнер институтын бітіргелі жатқан Дүйсен Кенжеев пен Талжібек Атамбековаңы шақырады. Жанат Хаджиев бұрынғы халық санасында қалыптасып қалған көзқарастан өзгеше өріп, спектакльде бірінші планға Бекежанды қояды. Бекежан – сүйгені үшін күрескен басты қаһарман болып, оны артист Асылболат Смағұлов сәтті ойнап шығады. Спектакльдің бұл шешімі үлкен дау туғызады. Алматыдан арнайы театр сыншысы Әшірбек Сығай бастаған комиссия келіп көріп, сонан соң ғана репертуарға енеді. Өзінің айтуынша Жанат Хаджиевті режиссер ретінде қалыптастырған да, танытқан да осы «Қыз Жібек» спектаклі болды.

1988 жылы Торғай облысы жабылып, театр Жезқазған қаласына қоныс аударады. Бөтен қала, бейтаныс көрермен... Жанат театр шымылдығын «Қыз Жібек» спектаклімен ашуды жөн деп табады. Көңілде «Көрермен қалай қабылдар екен?» деген қобалжу да бар. Алайда спектакльдің аншлагпен өтуі Жанаттың күпті көңіл орнына түсіреді. Халық қошеметінен қанаттанған ол көп ұзамай «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасын сахналауды қолға алады.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары. Бұл кезең еліміздің нарықтық экономикаға бет бұрған кезеңі болатын. Заман тынысын жақсы түсінген режиссер бұл шығармаға да уақыт талабы тұрғысынан карауды жөн санайды. Халықтың ұғымында дүниеқоңыз, сараң, жағымсыз кейіпкер ретінде қалыптасып қалған Қарабайдың бейнесіне өзгеше көзқараспен көз жүгіртіп, «осынша мол байлыққа қол жеткізген Қарабай – осал адам емес, ол нағыз ақылды адам. Қолындағы ен байлықты сақтап қалудың жолын жақсы білетін жан» деген қорытындыға келеді. «Егер Қарабай нарықтық қоғамда өмір сүрсе кім болар еді?» деген сауалға жауап іздеген режиссер Қозы мен Баянның махаббатын «фон» ретінде алып, спектакль кілтін Қарабай-Қодар-Жантық арасындағы шиеленісті ашу арқылы табуды мақсат етеді. Режиссердің айтпағын қас-қабағынан түсінген сыралғы актерлер Досжан Жанботаев, Қоныс Бегайдаров, Серік Бұлғақбаев – Қарабай, Қодар, Жантық образдарын тамаша сомдап, спектакльдің сәтті шығуына бар күш-жігерлерін, актерлік шеберліктерін жұмсаған еді. Сөйтіп, режиссерлық тың шешім, жаңашылдығымен көрінген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклі 1992 жылы Алматыда Ғабит Мүсіреповтің 90 жылдығына орай өткізілген республикалық театрлар фестивалінде бас жүлдені жеңіп алады. Бұл режиссер Ж.Хаджиевтің ғана емес, артистердің, Серке театрының да үлкен жеңісі болды.

Белгілі театр сыншысы Бағыбек Құндақбаев фестивальден кейін «Қазақ әдебиеті» газетінде: «Жезқазғанның Серке Қожамқұлов атындағы облыстық музыкалы-драма театры көрсеткен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясы фестивальдің сайыстық сәнін келтірген көркемдік шоқтығы биік мәдени жаңалық деп бағаланды. Соңғы уақытта ұлттық театрлардың шығармашылық қал-жағдайлары қатты ойландырып, мына алмағайып заманда озық рухани дүние күту қиындап тұрғанда, әрі сахналық өнеріміздің келешегіне күдікпен қарай бастаған тұста мына спектакль әлгі түңілушіліктің түндігін сыпырып тастап, ұлттық өнеріміздің жаңа туған жұлдызындай жарқ ете қалғаны даусыз», – деп жазды. Спектакль 1993 жылы Каирда әлемнің қырық үш театры қатысқан халықаралық театр фестиваліне қатысуға жолдама алып, қазақ театр өнерін әлемге әйгілеп қайтты.

Жанат Хаджиевтің режиссерлік дара қолтаңбасын айқын танытқан спектаклінің бірі – «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым». Көптен көкейінде жүрген Абай тақырыбына бет бұрып, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен «Абай» трагедиясы негізінде жергілікті қаламгер К.Ахметовке ұсыныс-пікірлерін айта отырып, пьеса жазуға өтініш білдіреді. Пьесаға жас Абай бейнесі және халық образы бейнесінде Соқыр мен Керең бейнелері қосымша енгізіледі. Бар оқиға желісі солар арқылы безбенделеді.

Спектакльде Абайдың өмір сүрген әлеуметтік ортасы, қалыптасу кезеңі мен даналыққа жету жолындағы арман-мұңы, өкініші, гуманистік көзқарасын жан-жақты көрсетуге күш салынады. Режиссер трактовкасына сәйкес Абай бейнесін ҚР еңбек сіңірген артисі Серік Бұлғақбаев өзгеге ұқсамас өзгеше кейіпте сәтті сомдап шығады. Бұл туралы Ж.Хаджиев: «Абайды» сахналағанды баяғы сүрлеуді қайта шиырлағым келмеді. Өзге бір әріптесінің спектаклін қайталаған режиссер – режиссер емес. Спектакльде режиссердің өзіне тән қолтаңбасы, оған ғана тән бояу, оның режиссер ретіндегі «меңдегі» көрініс табуы керек. Ал өз бояуын таппаған режиссер театр өнерінен өз орнын ала алмайды», – дейді «Өмір...өнер монологы...» кітабында.

«Ертеояндым, ойландым, жете алмадым» спектаклі Абайдың жүз елу жылдығына орай Жезқазғанда өткен республикалық фестивальдің Бас жүлдесін жеңіп алады. Дарынды актер Әбілқасым Шоманұлының аталған спектакльдегі Құнанбай бейнесі спектакльді табысқа жеткізуге үлкен үлес қосты деуге болады. Фестивальден соң қазақ режиссурасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған режиссер Жақып Омаров: «Жанат Хаджиевтің тамаша спектаклінің әділ бағасын алғанына қуанамын. Бұл жолы ол өзінің ұстазы Әзекеңнен де асып түсті», – деген екен. Бұл әріптестің шын таланттың шеберлігін мойындауы емес пе?

Ж.Хаджиев қойған спектакльдер ұлттық мінез-құлықтың тар шеңберінде қалып қоймай, жалпыадамзаттық биіктерге жетелеуімен құнды болды. Ол сахнада әр кейіпкердің әрекеті, қимыл-қозғалысының себеп-салдары дәл айқындалып, жарықпен безендіруі, декорация, әуенмен әрленуі – барлығы режиссердің түпкі мақсатының ашылуына ықпал етуін қатты қадағалайтын. Режиссерлік шешімдері терең философиялық ойларға құрылып, мазмұнының тереңдігімен, көркемдігімен есте қалатын.

Жезқазған облысының жабылып қалған жылдары театр үлкен қиындықты бастан кешірді. Жетекші актерлердің көбі басқа театрларға кетіп жатты. Жанатқа да «Не істеу керек?» деген сұрақ күні-түні маза бермеді . Қаншалықты ауыр болса да ойлана келе Алматыға кетуге шешім қабылдайды. Кейіннен туған театры жайлы ол «Өмір... өнер монологы» кітабында былай деп жазады: «Торғай мен Жезқазған театрында өз мектебімді қалыптастырдым десем артық айтқаным емес шығар. Артистерді аштым деп мақтанбаймын, бірақ бір нәрсе анық: олар менің режиссерлік қабілетімді, мен олардың



актерлік қабілетін шыңдадым. Маған олармен жұмыс істеу қызық еді. Режиссердің нені айтпағын актер қас пен қабағынан таныса, режиссерге бұдан артық қуаныш бар ма? Мен бақытыма орай «қиялы садақтың оғындай зуылдап тұрған» дарынды актерлермен бірге жұмыс істедім. Осындай тамаша дарын иелері топтасқан театрмен қоштасу маған оңай тимеді. Жезқазған театрынан кеткен күн менің өмірімдегі ең бір ауыр күн еді. Артыма жалтақ-жалтақ қарап Алматыға жол тарттым», – деп жазады ерекше тебіреніспен. Өзін қалыптастырған, шығармашылығын танытқан, сәттілік әкелген Серке театрымен, үзеңгілес достарымен қимай қоштасып, өнер мен мәдениеттің ордасы Алматыға келеді. Режиссерлік алғашқы шығармашылық жолын бастаған Ғабит Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрына қайта оралады.

Ғ.Мүсірепов атындағы академиялық жастар мен балалар театрында еңбек ете жүріп, әрдайым Серке театрын ұмытқан емес. Өзіне етене таныс театр сахнасында дүркін-дүркін спектакльдер қойып, шығармашылық байланысын үзбеді, ұжымды жаңа ізденістерге жетелеп отырды.

Жанат Әубәкірұлы өмірден өткен соң оның екінші өмірі басталды деуге болады. Серке театрының басшылары осы өнер ордасының іргетасын қалаушылардың бірі болған, театрдың шығармашылық тұрғыдан өсуі мен биік белестерге көтерілуіне айрықша еңбек сіңірген, спектакльдері арқылы артына өлмес мұра қалдырған дара тұлғаның есімін ұлықтау, театр өнеріне сіңірген еңбегін насихаттау, кейінгілерге үлгі ету мақсатында фестиваль өткізу туралы ұсыныс жасады. Ұсыныс қала, облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы тарапынан қолдау тапты. Сөйтіп, 2017 жылдың 8-12 қарашасы аралығында театрдың 45 жылдық мерейтойы аясында Жанат Хаджиев атындағы аймақтық театрлар фестивалі өтті. Фестивальге Қарағанды облыстық театрларымен қатар, Қ.Қуанышбаев атындағы Астана қазақ музыкалық-драма театры, Ж.Аймауытов атындағы Павлодар театры, Ж.Хаджиев өмірінің соңына дейін еңбек еткен Ғ.Мүсірепов атындағы Алматы балалар мен жасөспірімдер театры және Серке театрының шығармашылық сапарына жол ашқан Арқалық қаласының балалар мен жасөспірімдер театры қатысты. Фестивальге Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және ҚазКСР Халық артисі Асанәлі Әшімов бастаған театр сыншылары мен өнер тарландарынан құралған қазылар алқасы төрелік етті. Фестивальге С.Қожамқұловтың қызы Мәриям, Ж.Хаджиевтің қарындасы Фаруана, жиендері Ерсұңқар мен Ақмөр, театрдың іргетасын қаласқан артистер мен басқа да құрметті қонақтар қатысты. Фестивальдің ашылу салтанатында сөйлеген құттықтау сөзінде Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошановтың фестивальдің алдағы уақытта дәстүрлі өтетіндігі туралы хабарын жұртшылық үлкен қошеметпен қарсы алды.

Бес күнге созылған өнер бәйгесінде қатысушы театрлар өздерінің үздік қойылымдарын қазылар алқасы мен көрермен назарына ұсынды. С.Қожамқұлов театры фестивальде Ж.Хаджиев қойған М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн» спектаклін қойып, фестивальдің «Ж.Хаджиев атындағы жүлдесіне» ие болды.

2018 жылы фестивальдің аясы мен ауқымы кеңейіп, 1-4 қараша аралығында Серке театрында Халықаралық театр фестивалі жалауын көтерді. Бұл жолы фестивальге Алматыдағы республикалық неміс драма театры, І.Омаров атындағы Қостанай облыстық драма театры, Астана Жастар театры сияқты еліміздегі бірқатар театрлармен қатар, Сербияның Ужице Ұлттық театры, Францияның «M-A-S PRODUCTIONS» театры, Қытай Халық Республикасының Хэнань Юй жастар лигасы қатысты.

Бұл жолғы қазылар алқасы құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай, сербиялық сыншы Снежана Кутричи, татарстандық сыншы Нияз Игламов, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының доценті, өнертану кандидаты Меруерт Жақсылықова, ҚР халық артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев болды. Серке театры Ғ.Жайлыбайдың «Қара орамал» поэтикалық драмасын ұсынды. Осы қойылым үшін режиссер Теміржан Жанботаев «Үздік режиссерлік шешім» номинациясын иеленді.

Фестиваль күндері жергілікті «Дидар» телеарнасында қатысушы театр басшылары, артистері, сыншылар мен өнертанушылар мен жергілікті баспасөз өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті, жас артистер үшін шеберлік сағаты және т.б. мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылды.

Биыл Жанат Әубәкірұлының туғанына 70 жыл толуына байланысты осы игі істер жалғасын тауып, 4-8 қазан аралығында Жезқазғанда Халықаралық театрлар фестивалін өткізу жоспарланып отыр. Қазір фестивальді өткізудің ұйымдастыру шаралары жүргізілуде.

«Өмір...Өнер монологы...» кітабының эпилогын Ж.Хаджиев өзі қойған, ұзақ жыл театр репертуарынан түспеген Төлен Әбдіковтың «Біз үшеу едік» спектакліндегі «...бәйгеде кездесейік ағайын! Озған да олжалы, қалған да олжалы» деген кейіпкер сөзінің негізінде мен айтар едім: «ҰЛЫ ТЕАТР бәйгесінде кездесейік, ағайын! Озған да олжалы, қалған да олжалы», – деп аяқтаған екен. Ендеше, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, көрнекті қазақ режиссері Жанат Хаджиев атындағы фестивальде кездесейік!

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі**

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ!

# АЛАҢДАТАТЫН МӘСЕЛЕ АЗ ЕМЕС




Жарнама соңғы бірнеше онжылдық көлемінде нарықтық экономикасы мен мәдениеті дамыған қазіргі қоғамның ажырамас бір бөлігіне айналуда. Қазіргі таңда жарнама тілдік амал-тәсілдердің бірнеше түрлерін қолдану арқылы сатып алушыға ықпалын жүргізіп, санасына әсер ету қарқынын күшейтуде, алайда, қанша жерден жарнаманың жаңа түрлері мен жаңа қалыптары пайда болғанымен, жарнама мәтінінде әрдайым негізгі жетекші қызметті сөз атқарады. Бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып, тіл жанашырларын алаңдатып отырған да осы – сөз. Нақтырақ айтқанда, қазақ тілінің көрнекі ақпарат пен жарнама тілі ретінде қолданылуы. Қалай десек те, Қазақстанда «Тілдер туралы» заңның алғаш қабылданғанына ширек ғасыр болса да, ана тіліміздің мәселесі әлі күнге өз шешімін таппай келеді. Әлі күнге дейін жарнама орыс тілінде дайындалады да, кейін қазақ тіліне аударылады. Содан кейін мемлекеттік тілде жазылған жарнамаларда әріп қатесі ғана емес, мағыналық жағынан да қателіктер көптеп кездесіп жатады. Бұл жағдай керісінше болуы тиіс. Алдымен қазақ елінде қазақ тілінде әзірленуі керек, үтір-нүктесіне дейін қалдырмай, қазақ тілінде жазылу керек. Жарнама тәртібі Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңында, «Жарнама туралы» заңында анық жазылған. Кейбіреулер кай тілде жазылғанында тұрған не бар дейді. Мемлекеттік тілді жарнама саласында қолдану – ұлттық қажеттілік. Бұл – мемлекеттік мәртебе. Сондықтан, мемлекеттік мәртебе алған ана тілін бүкіл дүние жүзіне танымал етудің алғы шарты – ұлттық қажеттіліктен туындаған мемлекеттік тілді жарнама саласында дұрыс қолдану.

Алысқа бармай-ақ өз қаламызды алсақ, тіл тазалығын сақтау мақсатында жыл сайын мәдениет бөлімінде «Тілтану» орталығы тіл жанашырларын, жастарды, жарнама берушілерді қатыстыра отырып, бас қосады, талқылайды. Қазір қаламызда жарнама мәселесін реттеу тіл дамыту бөлімінің мамандары және қалалық қазақ басылымының, «Дидар» телеарнасының тілшілерімен бірлескен бақылау рейдтері арқылы біріздендіріліп келеді.

Биыл біз біраз жерді аралап, көшемізден сыртқы маңдайша жарнамаларда өз төбеміз көріне бастағанын аңғардық, бірақ бұл қай мекемені, дүкенді алсақ та сыртқы келбеті, ал терезелеріне қарасаңыз, ішіне кірсеңіз, жағдай сол қалпында, орыс тілі әлі де үстем. Хабарландыру бір жапырақ қағазға жазылса да, қазақ тілінде болуы керек. Шаруа базарындағы «Ғалым» дүкенінің ішіне кірсеңіз, есіктен кіре «обложки» деген жазу қаптап тұр. Өрімдей қазақ сатушыларынан «Қазақшасы қайда?» деп сұрасаңыз, «Жұрт түсінбейді ғой» дейді. 6-ықшамаудандағы пошта бөлімшесіне кірсеңіз, «Альфа банк» хабарландырулары толып тұр, тек орыс тілінде, хабарлассақ, өз қазағың «қазақшасы таусылып қалды» дейді. Сонда қазағымыздың саны артып келе жатқанда, қазақшасын артық шығаруды ойламағаны ма? Базардың бес сатушысынан «сарымсақтың» не екенін біле алмаған біз, дүкендерде сатылып жатқан сүт өнімдерінен «Сүт», «Айран» деген жазуды көрмейтін болдық.

Көшеде, телеарналарда жүгіртпе жазбалар көбейді, бірақ көбінің тілі орысша. КТК жүгіртпе жазбалары қате жазуларға онша мән берілмейді. Қалада не көп тойхана көп, халқымыздың игілігіне көбейе берсін, 200-300 адамдық тойханаларға көбінесе баратын қазақтар деп ойлаушы едік, ол жердің хабарламалары, ескертулері тек орыс тілінде. Ақсақалдар өкінішпен «Қазір біздің тіл той мен құдайыдан аспай тұр» деуші еді, ол «дәрежеден» де айырыла бастадық. Тойларда кейбір асабалар орыс және шетел әуендерін насихаттайтын болды.




Бұл қай кинодан десе, бәрі бірауыздан «Операция Ы» киносынан деп шулайды. Сұрасаң «Апа-ау, қазақ киносын, қазақ әуендерін білмейді» дейді, сонда қазақ киносы, бір кездері ата-аналарымыз көпшілік болып айтатын Шәмшінің, Әсеттің, Әбілахаттың әндері қайда қалды? Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы алғаш 1989 жылы қабылданғаннан кейін қаладағы халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін орындардағы прейскуранттар, жарнамалық ақпараттар мен тауарлық жапсырмалар, ең әрісі, екі тілде жазылушы еді. Кезінде бір дана «Тіл тазалығын сақтаушы академия да емес, грамматика да емес, білімдер де емес, тілді таза қалпында сақтайтын халықтың рухы» деген екен. «Мен қазақпын!» деген рух қайда, көрнекі ақпарат – бұл тәрбие құралы емес пе? Онсыз да қазір тілі шұбарланып, балабақшаға бармайтын, үйде атасы мен әжесінің тәрбиесіндегі теледидар мен ұялы телефонға үңіліп қалған қазақ бүлдіршіндері қазақша сөйлемейді. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды/А. Байтұрсынов/. Ал, біздің бар айтпағымыз: заманымызды жаулап алған жарнама саласында менталитетімізге жақын, салт-дәстүрімізді насихаттайтын, ұлттық болмысымызға жақын, ұлттық құндылықтарымыз бен мәдениетімізден сыр шертетін бейнелі жарнамалық көріністер көп болса ұлт болашағының кепілі болар еді деген тілек.

**Мейрамкүл ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ,**
**Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы**

# ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ – ТАРИХИ ТАҢДАУЫМЫЗ

Елімізде түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің бірлікте өмір сүруі – татулықтың нәтижесі. Мемлекетіміз ешкімді тілі мен дініне қарап бөлместен, барлық азаматтарға тең құқылы мүмкіндік беру арқылы ішкі және сыртқы тұрақтылықты сақтап келеді. Бұл ынтымақтастық пен ауызбіршілік елдегі Ата заң арқылы қамтамасыз етілген. Осы орайда, Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы мемлекет екенін бекітіп, мемлекет пен діннің ара-қатынасын реттейтін зайырлылық қағидаттарына сүйенетінін айқындады. Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді.

Қазіргі уақытта зайырлылық турасында көптеген анықтамалар мен түсініктер қалыптасқан. Соның бірі, зайырлылық – барлық діндерге қатысты бейтараптық ұстану, мемлекеттің діни танымдардан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамалардан еркін болуы деген мағынаны білдіреді.

Қазақстан мемлекет ретінде жалпыұлттық тұрғыда қабылдаған ел Конституциясы мен заңдарына сүйеніп қызмет атқарады. Сәйкесінше, діни талаптар мен ережелер, діни бірлестіктердің құжаттары біздің елімізде құқық негізі болып есептелмейді және мемлекеттік органдардың тікелей қызметіне әсер ете алмайды. Мемлекет заңнамаларының қандай да бір діни нормалармен байланысы болмаса да, заң діни нормалардың жалпы адами және гуманитарлық бағыт-бағдарын ескереді. Қазақстанда қандай да бір діни соттың құзыреті мойындалмайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, зайырлылық дегеніміз Қазақстандағы қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуінің негізгі принциптері болып табылады. Ал мұндай республикадағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас зайырлы заңдар негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстанда тіркеуден өткен діни бірлестіктердің, азаматтардың ұстанатын дініне қарамастан, құқықтарының теңдігі қамтамасыз етілген. Ел Конституциясы кез-келген адамның діни сенім еркіндігінің кепілі бола алады, сондай-ақ, конфессиялық белгілер бойынша кез-келген бөлінушілікке қарсы. Осы тұста 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының кіріспе сөзінде «Қазақстан халқы мәдени және рухани өмірінің дамуында Қазақстан халқының рухани мұрасымен біте қайнасқан исламның ханафилік бағыты мен православиелік христиан дінінің тарихи рөлін мойындайды» деп жазылғанын айта кету керек. Сонымен бірге, бұл тек осы конфессиялардың ел үшін мәдени маңыздылығын ғана білдіреді және діни бірлестіктер құқықтарының теңдігіне шек келтірмейді, себебі заң оларға қандай да болмасын құқықтық немесе қаржылай артықшылық бермейді.

Еліміздің мемлекеттік білім және тәрбие беру жүйесінің сипаты да зайырлы екенін және оның діни білім беру жүйесінен ажыратылғандығын айтып кеткен жөн. Осы тұрғыдан зайырлылық ұғымы – білім беру мекемелерінде белгілі бір дінді насихаттауға қарсы дегенді білдіреді. Дінді насихаттау құқығы тек республикалық немесе аймақтық мәртебесі бар діни бірлестіктің құзыретінде ғана.

Кез келген Қазақстан азаматы үшін діни бірлестіктердің адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзуға, соның ішінде адамды дін ұстануға күштеуге, неке бұзуға немесе туыстық қарым-қатынасты тоқтатуға, денсаулығына нұқсан келтіруге және мүлкінен айыруға, руханилығына тіл тигізуге, сонымен қатар, Конституция мен заңнамаларда көрсетілген міндеттерін орындаудан бас тартқызуға құқығы жоқ екенін білу қажет.

Керісінше, мемлекет діндар адамды Қазақстанның толық құқылы азаматы, ал діни бірлестіктерді мәдени, әлеуметтік маңызды қызметті жүзеге асырушы негіз ретінде танып, қарым-қатынас орнатуға талпыныс жасайды. Мемлекет діни бірлестіктермен қоғамдағы келісім, өзара түсіністік, төзімділік пен құрмет тұрғысынан да байланыс орнатады. Діни бірлестіктер Қазақстан халқының дәстүрлі діни құндылықтарын сақтау мен дамыту бағытында қоғамдық маңызды іс-шараларды өткізуге қатысады.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, мемлекеттің зайырлылық сипаты – бұл Қазақстанның табысты дамуының басты негізі. Рухани және діни құндылықтар – мемлекет өмірінің барлық салаларының дамуы мен жалпы көркеюін тежейтін емес, керісінше арттыратын жарқын болашақ. Бұл – шарықтауға, білім алып, өзін-өзі дамытуға жетелейтін, адам құқықтарын сақтау мен елдің демократиялық келешегін білдіретін зайырлылық. Демек, «зайырлылық» ұғымын мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасын реттейтін, қоғам тұрақтылығы үшін ең басты құндылық болып табылатын ұстаным деп қабылдаған жөн.

**Гүлмира ОСПАН,**
**ҚР ДІАҚМ ДІК дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының ғылыми қызметкері**

# МЫСЫРДЫ БИЛЕГЕН ЗЕЙНУДДИН КЕТБҰҚА

## *даңқты баба туралы не білеміз?*

***Қысық көз ұландар, қолдарына қару тиген соң, құлдық қамшысының ізін өшіруге ұмтылады.***
*Олжас Сүлейменов*

Әлімсақтан, түркі дүниесі жеке талантты тұлғаларға бай болған. Тәңірім түркі оғланына білекпен қоса білікті қатар нәсіп етті. Олардың өз ортасына ықпалы да зор еді. Сондай-ақ, біздің жұртта жеке талантты тұлғаға деген сұраныс та, құрмет те жоғары болатын. Өкінішке орай, осы дәстүр сәл әлсіреп қалғандай. Өз құндылықтары мен қасиеттерін бағалай алмаған ел, табиғатына жат басқаның қадір-қасиетіне еліктегіш келеді. Бұл алдымен ұлт үшін, одан қалды мемлекет үшін өте қауіпты құбылыс.

Кез келген мемлекет өз тұлғаларын құрметтеу арқылы өзінің идеологиялық ұстанымын бекіте түседі. Тарихты халық, оның тұлғалы азаматтары жасайды. Өткен тарихтағы жақсы істер бүгінге жалғасып, біз кешеден келген ұлттық игі құндылықтарымызды жас ұрпаққа бере алсақ, өмір сабақтастығы осы болмақ. Осындай тарихи тұлғалардың бірегейі, әлемдік тарихта аты мен заты қалған түркі оғланы, найман Кетбұқа ноянның ұрпағы – Зейнуддин Кетбұқа.

Моңғолдардың жер бетіндегі дара билікке ұмтылып, «Ұлы империя» құру үшін жүздеген этностарды қыспаққа түсірген тұста Кетбұқа бабамыз түркі жұртының қауіпсіздігі мен тұтастығының кепілі ретінде «Ұлы Қаған» империясына адал қызмет етті. Бұл найман Кетбұқа ноянның болашақ алдындағы тарихи қызметі еді. Ал Зейнуддин Кетбұқа жайында жалпы қандай дүние бар, оның көркем және тарихи бейнесіне қаншалықты мән берілгендігіне назар аударсақ.

Бүгінгі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілі, жазушы, драматург Кенжебай Ахметовтың «Алтын бұғаулы арыстан» атты тарихи драмасы XII – XIII ғғ. аумалы-төкпелі кезеңнің шынайы бейнесін көркем жеткізе білген шығарма екені анық. Осы еңбектен үзінді келтіруді жөн санадым.

Кетбұқа. Артта қалған қалың ел қынадай қырылсын дейсің бе?! Ел обалын арта алмаймын мойныма. Не де болса, шайқас шешсін!

Бейбарыс Кетбұқаның сол қолынан ұстап, алтын білезігіне қарайды.

Бейбарыс (мән бере).

Арыстандай Кетбұқаны жіпсіз байлап тұрған алтын білезік қой бұл!.. Мұңғұлдың алтын бұғауы!..

Кетбұқа (шамырқана).

Сенің білегіңдегі кімнің бұғауы, Бейбарыс?!

Бейбарыс жауап қайырмастан, өз білегін ойлана сипалап, үнсіз қалады. Аға-Шахин де дағдара, білегін сипалайды.

Жарқ-жұрқ найзағай ойнайды. Бір бұрыштан садағын кезенген адам көрініп қалады. Кетбұқаға қарай жебе атылады.

Кетбұқа.

Аh!.. Зейнуддин, сақтан!

Бейбарыс.

Аға-Шахин! Баланы қорға!

Аға-Шахин Зейнуддинге ұмтылып, кеудесімен жаба құлайды.

Шалт қимылдаған Бейбарыс қанжарын суырып алып, садақты адам жаққа лақтырады. Өкіре құлаған адам даусы естіледі.

Аға-Шахин дауыс шыққан тұсқа ұмтылады.

Аға-Шахиннің дауысы.

Мынау... Ибрагим қазы ғой!?

Жүрек тұсынан жебе қадалған Кетбұқа тізерлеп қалған. Бейбарыс жақындап, сүйемелдейді.

Кетбұқа.

Бейбарыс!.. Балама... Зейнуддинге... бас-көз бол!.. Аманат!..

Кетбұқа анасы берген аппақ орамалды қойнынан алып, құшырлана иіскеген күйі үзіледі. Зейнуддин қатулана қараған бойы үнсіз жақындап, әкесін екінші иығынан сүйемелдейді, көзін жұмғызады.

Бейбарыс.

Ел амандығы үшін өз басыңды бәйгеге тіккен Ер едің! Жер қойнында еркін жат, арыстаным!..

Тарихи деректе көз салсақ, 1260 жылы Айн Джалуд шайқасы болған жерде «Жеңіс белгісі» деген атпен әйгілі болған ескерткіш тұрғызылды. Осы соғысқа қатысқан наймандардың былайғы жердегі тағдыры жөнінде Л.Н. Гумилев «Черная легенда» еңбегінде былай деп жазған: «Он (Хулагу) отдал приказ своим воинам, сражавшимся в Палестине и не имевшим возможности вернуться на родину, перейти на сторону мамлюков, не без основания полагая, что земляки между собой договорятся». Яғни, арада отыз төрт жыл өткеннен кейін Мысырға ноян Кетбұқаның баласы Зейнуддин Кетбұқа 1294-1296 жылдары сұлтан болады. Әл-Мәлік әл-әділ Зайн ад-Дин Кетбұқа Әл-Мансури (1245 - 1303 ж. б. з.) – түркі жұртынан шыққан мамлюк. 1294-1296 ж ж. Мысырдың сұлтаны. Бір деректер бойынша соңғы жауынгері қалғанша соғысқан Кетбұқа ноян атынан құлап, қолға түсіп, Құтыз сұлтанның алдына әкелінеді. Құтыз оған: «Жазықсыз адамдардың қанын төккен, ұлы батырларды өтірік уәделермен, ақсүйек отбасыларын жалған сөздермен алдаған оңбаған, ақыры орға түстің бе?!» – дейді. Кетбұқа ешбір тайсалмастан: «Уақытша жеңіспен өзіңді алдама. Менің өлімім туралы хабар Хулагу ханға жетісімен, ол теңіздей буырқанып, мұңғұл әскері Әзірбайжаннан Мысыр қақпаларына дейінгі жерлерді таптап шығады. Мен туғаннан ханның құлымын, сен секілді иемді өлтіріп билікке ұмтылған жоқпын», – деп жауап береді. Ноянның басы шабылып, Каир көшелерімен алып жүреді. Кейін қала қақпаларының біріне ілінеді.

Енді бір деректер бойынша, Кетбұқа шайқаста қаза табады. Тарихшы Тәңірберді: «Кетбұқа ноянның татарлар арасындағы орны ерекше еді. Оның сөзі, батырлығы және ісі әрдайым есепке алынып отыратын. Ол ержүрек, батыл, нағыз соғыс шебері еді. Парсы жерін және Иракты жаулап алған Кетбұқа ноян болатын. Хулагу хан оған толық сенетін, ешқашан қарсы келмейтін, сөзін жерге тастамайтын. Кетбұқаның шайқастары туралы таңғажайып әңгімелер айтылатын», – деп жазады.

Ал, Кутбуддин әл-Юнини: «Татарлар Баалбекті құрсауға алғанда Кетбұқа ноянды көрдім. Жалбыраған ұзын, жұмсақ сақалды, кейде оны құлағына іліп қоятын әдемі қария. Салтанатты, өктем болатын. Қамалды көру үшін мешітке кіріп, мұнарасына шығады. Кетбұқа ноян Құтыз сұлтанның әскерін жеңемін деп ойлады. Құтыз әскерінің оң қанатын тас-талқан етті, алайда Құдай жеңісті мұсылмандарға береді. Осы шайқаста Кетбұқа ноян қаза тауып, ұлы тұтқынға түседі. Әдемі жігіт екен, Құтыздың алдына әкелгенде одан: «Әкең қашып кетті ме?» – деп сұрайды. «Ол ешқашан қашпайды», – деп жауап береді ұлы. Біраздан соң Кетбұқа ноянның денесі өлгендердің ішінен табылады. Әмір Ақұш аш-Шамсидің қолынан қаза тапқан екен. Баласы оны көргенде қатты жылап, жоқтау салады. Құтыз сұрауға алғанда ол: «Кетбұқа – татарлардың бақыты еді, енді олардың бағы тайды», – дейді. Шынында солай болады. Иран елхандары қанша тырысқанымен, мәмлүктер оларға беріспейді. «Мәмлүктерге қарсы шайқастарда мұңғұлдар бірде-бір рет жеңіске жете алмады», – деп жазады.

Зайн ад-Дин Кетбұқа 1260 жылы жас кезінде шамамен он бес жасында Хомс жерінде моңғол армиясының жеңілісінен кейін тұтқынға алынды. Әмір әл-Мансұр Қалауын сатып алған және оның жеке мамлюктерінің бірі болған. Ол ұзақ әрі адал қызметінен кейін сұлтан әл-Мансұр Қалауынның және одан кейін оның ұлы Әл-Ашраф Халилдің жақын әмірі болды.

1293 жылдың 14 желтоқсанында Әл-Ашраф Халиль саяси текетірестің нәтижесінде өлтірілгеннен кейін оның орнын қастандық жасаушылардың бірі, Әмір Байдара алуға тырысқан, бірақ ол бірнеше күннен кейін Зайн ад-Дин Кетбұқа басшылығымен әл-Ашраф Халилдің сенімді мәмлүктерінің қолынан қаза тапты. Таққа Халилдің сегіз жасар інісі Мұхаммед «ан-Насир» атағымен отырғызылды. Зайн ад-Дин Кетбұқа вице-сұлтан (наиб ас-салтана) дәрежесінде, уәзір Алам ад-Дин Санджар Шуджаи мен қатар мемлекеттегі екі ықпалды адамның бірі болды. Саяси аланда Зайн ад-Дин Кетбұқа билік үшін күресте жеңіске жетіп, 1294 жылдың соңында ан-Насир Мұхаммедті орнынан алып, өзі әл-Мәлік әл-Әділ атағымен сұлтан етіп жарияланды.

**Қыпшақ сұлтандары (1250-1382)**

| | |
|---|---|
| Шажарадүр | 1250 |
| Иззудин Айбек | 1250-1257 |
| Айбекұлы Нуруддин Али | 1257-1259 |
| Сейфуддин Құтыз | 1259-1260 |
| Рукнуддин Байбарыс | 1260-1277 |
| Байбарысұлы Насируддин Беркехан | 1277-1279 |
| Байбарысұлы Бадруддин Саламыш | 1279 |
| Сейфуддин Қалауын | 1279-1290 |
| Қалауынұлы Салахуддин Халил | 1290-1293 |
| Қалауынұлы Насируддин Мухаммад | 1293-1294 |
| Зейнуддин Кетбұқа | 1294-1296 |
| Хусамуддин Лашын | 1296-1299 |
| Қалауынұлы Насируддин Мухаммад (екінші рет) | 1299-1309 |
| Байбарыс ал-Джашангир | 1309-1310 |
| Қалауынұлы Насируддин Мухаммад (үшінші рет) | 1310-1340 |
| Насируддин Мухаммадұлы Сейфуддин Абубакр | 1340-1341 |
| Насируддин Мухаммадұлы Алауддин Күшік | 1341 |
| Насируддин Мухаммадұлы Шиһабуддин Ахмад | 1342 |
| Насируддин Мухаммадұлы Имадудин Исмаил | 1342-1345 |
| Насируддин Мухаммадұлы Сейфуддин Шағбан | 1345-1346 |
| Насируддин Мухаммадұлы Зейнуддин Қажы | 1346-1348 |
| Насируддин Мухаммадұлы Абулмахаси Хасан | 1348-1351 |
| Насируддин Мухаммад немересі Салахуддин | 1351-1354 |
| Абулмахасин Хасан (екінші рет) | 1354-1361 |
| Қажыұлы Салахуддин | 1361-1363 |
| Хусейнұлы Зейнуддин Шағбан | 1363-1377 |
| Шағбанұлы Алауддин Али | 1377-1381 |
| Шағбанұлы Салахуддин Қажы | 1381-1382 |

Зайн ад-Дин Кетбұқа түркі және моңғолдан шыққан әмірлердің және мәмлүктердің адалдығына сеніп арқа сүйеген. Санджар аш-Шуджаидің Зайн ад-Дин Кетбұқаға қарсы ұйымдастырылған қастандықты мәмлүк Санджар Құнұқ ат-Татари ашты. Сайф ад-Дин Қыпшақтың әкесі, сұлтан үкіметінің маңызды мүшелерінің бірі, Дамаск қаласының найбы, Хулагулық ильхандардың силхадары («қару-жарақ меңгерушісі») болған. 1295-1296 ж. Хулагуидтер мемлекетінің Диярбақырдағы жерінде көшіп жүрген 10 мыңға жуық ойраттар тобының бірі Мысырға қоныс аударып келді. Оларды сұлтан жақсы қабылдады, иқта (жер) алды және салт-дәстүрлерді бұзып исламға жүгінгенге дейін өзінің қандастарының қырық шақтысына әмір дәрежесін берді.

Билеуші топтар сұлтан өз достарына қамқорлық жасап, оларға мәмлүктермен тең құқық бергеніне наразылығын білдірді. Бұл вице-сұлтан Хусам ад-Дин Ладжиннің Зайн ад-Дин Кетбұқаны биліктен ысыруына себеп болды. Ладжин шығу тегі бойынша грек, ол шеркештік мамлюк Бурджилерге, ал сұлтан Кетбұқа — әмірлер мен захириден (Әз-Захир Бейбарыстың жеке мәмлүктері) шыққан мәмлүктерге, сондай-ақ, қалқа жауынгерлеріне, күрд қосалқы әскерлеріне және вафидияның салт аттыларына сүйенген. Саяси күрестің нәтижесінде, Зайн ад-Дин Кетбұқа Дамаскіге жіберілген, бірақ оған Хаманы басқаруға мүмкіндік берілді. 1299 жылы Газанның ильханына қарсы жорық кезінде ойраттар сұлтанды өлтіруді және Зайн ад-Дин Кетбұқа тағын қайтаруға ниеттеніп, көтеріліс жасады, бірақ олардың бүліктері күйреді. Бабамыз Зайн ад-Дин Кетбұқаның заманынан бізге жәдігер ретінде мыстан жасалған фельсі жетті.

Дәуренінің соңғы кезінде Зайн ад-Дин Кетбұқа тақуалығымен ерекшеленді. Қажылықтан басқа ол Худяның қабіріне және Мұхаммед аяқтарының ізін сақтау орнына қажылық жасады. Ол сондай-ақ кем дегенде екі фиқһ бауырластарының қамқоршысы болды.



Түйіндей келе бұл тақырып әлі де зерттелуі қажет екенін айтқымыз келеді. Осы ретте қаламыздың 65 жылдығына орай Кетбұқа бабамыздың ескерткішінің маңында бой көтеретін алаңда мыстан жасалған фельс өз орнын тапса ұрпақ сабақтастығының жалғасы, төл тарихымызға деген құрметтің ерекше үлгісі болар еді деген тілегіміз бар.

*Пайдаланған әдебиеттер:*

*1.Аялон Д. Вафидия в Царстве мамлюков / / Международная энциклопедия исламских династий. - ANMOL Publications PVT. LTD., 2002.*

*2.Ирвин Р. Ближний Восток в Средневековье: ранний Мамлюкский султанат 1250-1382. — Л.: Крум Хелм, 1986.*

*3 A. Levanoni Поворотным моментом в истории мамлюков: третий период правления аль-Nā[illegible]ir Мухаммад ибн Qalāwūn (1310-1341). — Лейден, Н. Ю., Кельн: Брилл, 1995.*

*4. Сато Т. Государственная и сельского общества в средневековом Исламе: султанов, мукты и фаллахун. — Лейден, Н. Ю., Кельн: Калкан, 1997.*

*5. Кембриджская история Египта. - Cambridge: Cambridge University Press, 2008.*

*6.Рыжов К. В. Бахриты // Все монархи мира. Мусульманский Восток. VII—XV вв. — М. : Вече, 2004.*

*7.Нумизматический словарь. 4-е издание. / Зварич В.В. / Львов, 1980*

*8.Қайрат Сәки . Пирамида үстіндегі киіз үй немесе Байбарыс туралы. Астана: «Фолиант», 2001.*

*9. Фильштинский И.М. История арабов и халифата. 750-1517 гг. М, 1999 г.*

**Қабдол ӘУЕЗОВ,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейі тарих және археология бөлімінің басшысы, тарих магистрі**

# «САРЫКЕҢГІР САМАЛЫ» СЕРПІЛТТІ

**Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай Малшыбай селосында «Сарыкеңгір самалы» атты көктем мерекесі ұйымдастырылды.**

Ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптеп, аймақ жұртшылығын туған жерге деген қамқорлыққа үндеуді көздеген мерекелік іс-шара әруақтарға құран бағыштаумен басталды. Одан соң сахнаға Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбедин көтеріліп, ауыл жұртшылығы мен көктем мерекесін тамашалауға келген қонақтарды құттықтады.

– Бұл – наурыз мейрамының орынды жалғасы. Халқымыздың салт-дәстүрін насихаттайтын және тәрбиелік маңызы зор іс-шара. Ауыл тұрғындарының бірлігі арқасында орынды бастама жүзеге асып отыр. Олай болса, бірлігіміз жарасып, ауылымыз көркейіп, дами берсін, – деді өзінің құттықтау сөзінде Аманғали Әбдіхалықұлы.

Малшыбайлықтарды көктем мерекесімен сондай-ақ, ауыл ардагері Кеңес Баймағамбетов, Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омар құттықтады.

Көктем мен жаңару, күн мен түннің теңелуі сынды табиғат құбылыстарынан мол мағлұмат берген іс-шара жүргізушілері қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, тұрмысы мен дүниетанымына да кеңінен тоқталды. Осы іс-шарада ауыл тұрғындары бас болып, Малшыбайда мешіт құрылысы жоспарланып отырғаны да айтылды. Ауыл тұрғыны Күнтуған Дәулетбай мен Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған аймақтық мешітінің бас имамы Нұрбол Тағай жұртшылықты осы сауапты іске қолдау жасауға шақырды.

Мазмұнды мереке одан әрі концерттік бағдарламаға ұласып, ауыл өнерпаздары ән мен биден шашу шашты.

Одан соң кезек ұлттық ойындарға берілді. Арқан тартыс, кір тасын көтеру, қатын күрес, қазақ күресі, қошқар көтеру сынды спорттық ойындардың бірнеше түрінен жарыс ұйымдастырылып, оған Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының ауылдарынан арнайы келген қонақтар белсене қатысты. Спорттық іс-шараларды Жезқазған қаласының спорт бөлімі мен №15 Малшыбай орта мектебінің тарих мұғалімі Ернар Смағұлов ұйымдастырғанын да айта кеткен жөн.





Көктем мерекесінің көрігін қыздырған оқиға ат жарыс болды. Ауылдағы шаруа қожалықтарының бастамасымен ұйымдастырылған қара жарысқа барлығы 19 ат қосылып, Дүйсебек Құлжановтың аты (Торы Орка) 1-орын, Әділет Оразалиннің аты (Көкқасқа) 2-орын, Асқар Мұханбетжановтың аты (Қарагер) 3-орын, Қайрат Лабақовтың аты (Бурыл) 4-орын алды.

Қазақ күресінің қорытындысы бойынша ерлер арасында абсалюттік салмақ дәрежесінде 1-орынды Ұлықбек Төлеуов, 2-орынды Бегзат Ермеков, 3-орынды Ералы Сағынтай иеленсе, әйелдер арасында Дана Шитібаева абсалюттік чемпион деп танылды. Оқушы ұлдар арасында 1-орын Мәди Ахметбекке, 2-орын Ерсұлтан Төкенге, 3-орын Ерғанат Есмағанбетовке бұйырды. Оқушы қыздар арасында 1-орынды Айша Ернарқызы, 2-орынды Ақниет Күрдебай, 3-орынды Қарлығаш Төлегенова иеленді.

Кір тасын көтеруден Досбол Сайлаубек, қошқар көтеруден Ұлықбек Төлеуов жеңімпаз деп танылса, арқан тартыста Сарыкеңгір тобы ешкімге дес бермеді. Спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ер тоқым, домбыра сынды ұлттық бұйымдармен марапатталса, ат жарыстың бас жүлдесіне мотоцикл берілді. Сән-салтанаты жарасқан көктем мерекесіне келген жұртшылық Жезқазған қаласының басшылығына, ауыл әкімі мен игілікті іске білек сыбана кіріскен ауыл шаруаларына ризашылықтарын білдірді.

**Өз тілшіміз**

## БІЛІМ ОРДАСЫНДА

# БАЛАБАҚША мен ОТБАСЫ ЫНТЫМАҒЫ АРТТЫ

«Салтанат» бөбекжайында «Сырттай балабақша» жобасы аясында баланың бойына ерте жастан бастап қажетті алғашқы білім, білік дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Бүгінгі ұрпақ – ел болашағы» атты тәжірибелік семинар өтті. Семинар отбасындағы баланың ерте даму мәселесіне арналды.

Семинар барысында балабақша тәрбиешілері Ж.Н.Жармағанбетова, Г.Е.Камбасова, А.М.Сафарова, Е.А.Филоненко, В.П.Ерофеева, А.Б.Паттаева «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің желісі бойынша «Сенсорлық лото», «Күміс жұмыртқа», «Манкография», «Таза су», «Сиқырлы жапырақ» атты сенсорикалық ойындар, «Ғажайып кемпірқосақ» т.б түрлі эксперименттер жасату арқылы баланың өз саусақтарын қаншалықты басқара алатындығын, семинарға қатысқан ата-аналар педагогикалық ақыл-кеңес алып, баланы дамытудың тиімді жолдарын меңгерді. Сонымен қатар, бөбекжай ұжымына алғыстарын білдірді.



**Мөлдір ДҮЙСЕНҚЫЗЫ**

# ҚЫЗДАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ

№ 133 негізгі орта мектебінде 8-сынып қыздар арасында жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын-алу, қыздар тәрбиесіне қатысты сынып сағаты өтті.

Ең алдымен «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» деген сұрақ бойынша бейнежазба көрсетілді. Бүгінгі күннің трагедиясы тәрбиеден басталып жатқан жайы бар. Біз көз жұма қарап жүрген бұл өзекті мәселенің мән-жайынан қалың көпшілік хабардар. Өрімдей жас қыздардың басына түскен қасірет олардың өмірінде сызат қалдырды. Ашығын айтар болсақ, бұл күні жеткіншек қыздардың оң жақта отырып-ақ құрсақ көтеруі жиіледі. Бұрындары қысылғанда қуыс таппайтын құбылыс енді бір-екі жел сөзге ұласып, жабулы қазан жабулы күйінде қалатын болды. Онда оқушыларға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқа да осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалды. Осы жұмыстың төңірегінде 8-ші сынып қыздарының арасында сауалнамалар жүргізіліп, оған арнайы мамандардың жауабымен мысал келтірілді. Жалпы балаларға қатысты зорлықзомбылықтың алдын-алу, соның ішінде педофильдік іс-әрекеттерді болдырмау, ерте жастан жүктіліктің алдын-алу және қыздар тәрбиесі бойынша мәселелер қаралды.

Қорыта келгенде жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеуелетіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету – ол біздің ата дәстүрімізге,жалпы ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіруге кері әсерін тигізеді.

**Ақнұр ШЫНТЕМІРОВА,**
**№133 мектептің 8 «а» сыныбының жетекшісі**

# БАЛАЛАРҒА ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚПЕН

**Қаламызда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Нұр» әлеуметтік-медициналық орталығы есігін айқара ашты.**

«Нұр» орталығы да мүмкіндігі шектеулі балалардың күтімі мен дамуына қатысты барлық талаптарға сай, жарқырап, нұрланып тұр. 91 орамда орналасқан орталық әдейі жер үйде ашылған. Мұнда церебралды паралич, даун синдромы, есту, көру қабілеті төмен, психикалық дамуында ауытқуы бар балалар уақытын пайдалы өткізіп, ем-домдарын ала алады. Жер үйдің пайдасы сол, балалар таза ауада серуендер түрлі ойындар ойнай алады. Орталықтың директоры Гүлсара Жылқайдарова болашақта жан-жануарлармен және өсімдіктермен тікелей байланыс түрін қолдану жоспарда барын алға тартты.

Орталықты ашудағы басты мақсат балаларды әлеуметтік-тұрмыстық қызметке баулу. Яғни оларға өз-өзіне қызмет етуді үйрету, олардың ашылып, басқа адамдармен, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге бейімдеу.

Медициналық орталық отыз баланы қабылдай алады. Дегенмен, күндізгі уақытта қосымша 20-30 балаға қызмет көрсетуге мүмкіндік бар. 3-18 жас аралығындағы балалар орталықта таңғы сағат 8-ден кешкі 18.00-ге дейін уақыттарын өткізеді. Мұнда балалармен невропотолог, дефектолог, психолог, массаж маманы, тәрбиешілер жұмыс істейді. Орталықта кез келген баланың бірқалыпты және жан-жақты дамуына бағытталған қажеттінің бәрі бар. Сонымен қатар, қыздар мен ұлдарға арналған жатын бөлме, ойын бөлмесі, асхана, медициналық кабинет, әдістемелік кабинетпен қамтамасыз етілген. Спорт залы жөндеу жұмыстан өтіп, жабдықталуда.



«Нұр» орталығының ашылуына демеуші болған жеке кәсіпкерлер, орталық тәрбиеленушілері, ата-аналар мен қолдаушылар қатысты. «Кәсіпқорған» кәсіподағының Жезқазған филиалы төрағасы Ақыл Төлепбергенов пен орталықтың алғашқы тәрбиеленушілерінің бірі Бақытжан Мұқанов салтанатты түрде лентаны қиып, орталықты ашып берді. Ашылуға қатысқан музыкалық колледж студенттері өнерлерін көрсетіп, жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Жасалған жақсылық балалар тарапынан жауапсыз қалмады. Студенттердің орталық тәрбиеленушілерімен бірге вальс билеуі күтпеген тосынсый болды. Әсем әуеннің ырғағымен тербелген балалардың қуанышында шек болмады.

Жезқазған, Сәтбаев қалаларында 1000-нан аса мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Олардың барлығына бірдей сапалы әрі кәсіби көмек беру мүмкіндігі болмай тұр. Дегенмен, әлеуметтік көмекке зәру отбасыларға жәрдемдесетін бизнестік құрылымдардың саны күн санап артып келеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға шектеусіз мүмкіндік беріп жатқан «Өлкетану» қоры орталықтың ашылуына мұрындық болды. «Ұлытау-нан» зауыты орталықты ұн өнімдерімен қамтамасыз етсе, «Қазақмыс» корпорациясы, «RG көмек» корпоративті қоры орталыққа арнайы көліктер тарту етті. Бұл автокөліктер тәрбиеленушілерді үйлерінен алып кетіп, алып келеді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ТАМАРА ШИРИНАНЫҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

**Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында тарихи–археологиялық музейдің ұйымдастыруымен суретші-флорист Тамара Ширинаның 75 жылдық мерейтойына арналған «Бәрі де сіздер үшін, достарым!» атты көрмесі салтанатты түрде ашылды.**



Тамара Васильевнаның негізгі мамандығы – филолог. Ұзақ жылдар бойы орыс және неміс тілі пәндерінен ұстаздық еткен ол бос уақытында суретшілікпен айналысқан. Осылайша, күнделікті ізденіс пен қажырлы еңбектің арқасында қарапайым ұстаздан суретші-флористке айналады. Оның туындыларына қарап Тамара Ширинаның кәсібилігі мен шеберлігіне таң қалмасқа болмас. Тума талант иесінің жан бітірмеген заты жоқ шығар?! Көрмеден орын алған композициялар тұрмыстық қалдықтардан, гүлдерден, ағаш пен былғарыдан, өсімдіктердің тамырынан жасалған. Сурет салу техникасының 27 (оның сегізін өзі ойлап тапқан) түрін қолданатын Тамара Ширина Т.Әубәкіров атындағы балалар мен жасөспірімдер сарайының «Флора-Дизайн» үйірмесінде ұстаздық етіп, бар білгенін жас ұрпаққа үйретуден де жалықпағанын айта өткен жөн.

Көрменің ашылу салтанатына жиналғандардың ішінде Тамара Ширинаның әріптестері мен шәкірттері, сондай-ақ, достары мен оның өнеріне табынушылар болды. Алғаш болып сөз алған Зинаида Чумакова Тамара Васильевнаның өнерден өзге қырын тілге тиек етіп, ақжарма тілектерін ақтарса, Т.Әубәкіров атындағы балалар мен жасөспірімдер сарайы директорының орынбасары Жанар Дәулетиярқызы кеш иесінің ұстаздық жолына тоқталды. ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі Зекен Мұхамедин болса, Тамара Ширина облыстық, республикалық көрмелерге қатысудан қалмайтынын айтты. Сөз алған тарихи-археологиялық музейдің басшысы Раушан Қапарова:

– Бүгінгі Тамара Васильевнаға арналған «Бәрі де сіздер үшін, достарым» атты көрмеге 200-ге тарта жұмыс қойылған. Олардың дені флористикамен жасалған. Көрмеден жалпақ және ауқымды флористикамен, оның ішінде гүлдерден, таспа мен қайың қабығынан жасалған мүсіндер мен суреттерді, сондай-ақ, қолда бар материалдан инсталляция жасау арқылы туған құмыра мен қалпақтарды кезіктіре аласыздар. Тамара Ширинаның еңбектері – керемет табиғаттың қайталанбас әлемі тәрізді. Оның бірегей жұмыстарында табиғи заттардың шығармашылық қиялы мен қуаты үндесіп тұрғандай. Қашанда ізденісте жүріп, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық фестивальдерге, вернисаждарға, көрмелерге жиі қатысады, – деген Раушан Онқоңысқызы Тамара Васильевнаның алған марапаттарын да тізбектеді. Суретші-флорист «Артфлора» гүл аранжереясы қоғамының халықаралық шығармашылық қауымдастығының, халықаралық «Гүлдер және біз: XXI ғасыр» фестиваль-байқауының диплом-дарын иеленген.

Көрмені тамашалап көргенде таңырқап, «Мына туынды неден жасалған?» демеске болмас. Мысалы, төрден орын алған Абайдың портреті раушан гүлінің жапырақтарынан жасалса, «Қарағай» картинасы қарақат ағашының тамырынан. «Байқоңыр» композициясы пластик құтылардан, «Раушан» картинасы ағаштың қабығынан дайындалған. Тіпті, суретші қақталған балықтың бастарын, полиуретанды көбікті де кәдеге жаратқан. «Балқаш» деп аталған пано дәл сол көбіктен әзірленген. Осы және өзге де көзтартар туындыларды жезқазғандықтар мен қала қонақтары 10 мамырға дейін тарихи-археологиялық музейдің көрме залынан тамашалай алады.

**Бота ШАЛҚАР**

## Жезқазған шаһарының жылнамасы



### 1973 жыл

• 1973 жылдың наурыз айы мен 1985 жылдың қараша айы аралығында қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Ошақбай Асылбекұлы Асылбеков болды.

• 23 қаңтардағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №450 шешімімен «Мал терісін өңдейтін және бояйтын цех» ашылды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 25 қаңтардағы №34 шешімімен халық ақыны, әнші-айтыскер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Иманжан Жылқайдаровқа Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 24 ақпандағы №63 шешімімен Жезқазған қаласындағы қонақ үйге «Жезқазған» атауы берілді.

• Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиуымының 20 наурыздағы Жарлығымен Жезқазған облысы құрылып, орталығы Жезқазған қаласы болды.

• Наурыз айында Жезқазған облысы ашылған соң МҚК-нің «Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) басқармасы құрылды.

• Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1 сәуірдегі қаулысымен мәдени-ағарту, әдістемелік-ақпараттық бағытта, мектеп және оқу орындарынан тыс білім беретін мекеме – қалалық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы Жезқазған облыстық балалар кітапханасы болып ашылды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 11 сәуірдегі №121 шешімімен №14 ықшамауданындағы пошта бөлімінде 7743/027 жинақ кассасы ашылды.

• 13 сәуірден бастап «Жезқазған туы» облыстық қоғамдық-саяси газеті шыға бастады.

• 19 шілдеде Жезқазған мәдени-ағарту училищесі ашылды.

• Тамыз айында Жезқазған-Мәскеу бағытындағы «ИЛ-18» жолаушылар пайнері ұша бастады.

• Тамыз айында Қазақ КСР министрлер кеңесінің 25 сәуірдегі №228 қаулысына сәйкес С.Сейфуллин атындағы қалалық әмбебап кітапхана облыстық кітапхана болып ашылды.

• Қыркүйекте Жезқазған педагогикалық училищесінде қазақ бөлімшесі ашылды.

• 9 қыркүйекте Қарағанды облысы мемлекеттік мұрағатының бөлімшесі Жезқазған облыстық мемлекеттік мұрағатына айналдырылды.

• 28 қыркүйекте Автомобиль жолдары министрлігінің бұйрығымен №17 «Жезқазған жол-құрылыс» тресі құрылды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 29 қыркүйектегі №378 шешімімен «Союз-12» ғарыш кемесінің командирі подполковник В.Лазарев пен кеме бортинженері О.Макаровка Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

• Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 24 желтоқсандағы жарлығымен Никольский кенті қала болып құрылды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 27 желтоқсандағы №463 шешімімен «Союз-13» ғарыш кемесінің командирі майор П.Климук пен кеме бортинженері В.Лебедевке Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

• Желтоқсан айында бірінші облыстық конференция және пленум болды. Онда облыстық ӘАФКЕҚ (ДОСААФ) және оның қарамағындағы комитеттерін құру жөнінде шешім қабылданды.

• Облыстық жас туристер станциясы ашылды.

• Жезқазған облыстық партия комитеті мен еңбекші депутаттары облыстық кеңесінің органы болған «Джезказганская правда» қоғамдық-саяси газеті шыға бастады.

• Облыстық жас натуралистер станциясы ашылды.

• Жезқазған қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы облыстық азаматтық қорғаныс штабы болып қайта құрылды.

• ҚарПТИ-дің жалпытехникалық факультетінің жанынан күндізгі бөлім ашылды.

• Жезқазған тау-кен техникалық институтының «Жалпы инженерлік пәндер» және «Автокөлік» кафедрасы құрылды.

• Қан тапсыру орталығы – алғашқыда Жезқазған облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен облыстық қан құю станциясы болып құрылды.

• Облыстық жас техниктер станциясы ашылды.

• Байырғы Қарсақбай мыс зауыты жабылған соң, оның орнына құрамында шойын құю бөлімшесі және тәжірибе участогі бар металлургия зауыты құрыды.

• Жезқазған облысының ашылуына байланысты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен (25.02.1973) және Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі республикалық мемлекеттік комитеттің (17.05.1973) бұйрығымен Жезқазған облыстық баспа, полиграфия істері және кітап саудасы жөніндегі басқарма құрылды.

• Қала әуежайы жолаушыларды тасымалдайтын «ТУ-154» ұшағын алғаш рет қабылдады.

• Жастардың спорт мектебі жұмысын бастады. Тұңғыш директоры К.Сейітов болды.

• №61 шахтада бірінші К-500 типті турбокомпрессорлар іске қосылды.

***Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді***

МҮШӘЙРА

# ТУҒАН ЖЕРДІ ЖЫРҒА ҚОСТЫ

**С.Сейфуллин атындағы ортақлықтандырылған кітапханалар жүйесінде Жезқазған қаласының 65 жылдығы мен «Жастар жылы» аясында өткен облыстық «Жыр арқауы – Жезқазған» атты жас ақындар мүшәйрасы қорытындыланды.**



Ақын атанып, жыр өлкесінде өз биігін бағындыру әркімнің қолынан келе бермейді. Осы киелі өнер бәйгесіне өз жүйрігін қосып, бағын сынап жүрген дарынды жастар баршылық. Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі жастар ресурстық орталығының бастамасымен ұйымдастырылған ақындар жарысына қатысуға 20 жас ақын ниет білдірген.

Авторларды марапаттау кешіне қатысқан жастар ресурстық орталығының директоры Бақытжан Көпбаев ақындарды жеңіспен құттықтап, «қаламдарың мұқалмасын» деп тілегін білдірді. Мүшәйраның қорытындысы бойынша №5 орта мектептің оқушысы Шұғыла Тоқтыбай «Ұшқыр ой» номинациясын, сәтбаевтық Самал Сламбек «Өрімді ұйқас» номинациясын иеленді.

Ал, Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің оқушысы Ақниет Ерғазина, Талап ауылының №14 орта мектеп оқушысы Әбжаппар Әлішер, жезқазғандық Думан Сайдалин III орынға ие болса, қала тұрғыны Қымбат Ақботина мен қарағандылық Ақжолтай Әлтайға II орын бұйырды. №1 орта мектептің оқушысы Рымжан Қуаныш жүлделі I орынды жеңіп алды. Болашағынан мол үміт күттіретін, өзінің сырға толы өлеңдерімен көпшілікке таныс Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенті Аружан Оралбай ақындар додасының жеңімпазы атанып, 65 мың теңгенің иегері атанды. Басқа да ақындар ұмыт қалған жоқ. Белсенділік танытып, қалам тербеп жүрген жастарға Алғыс хат табысталды.

Марапаттау поэзия әлеміне саяхатпен жалғасты. Сайысқа қатысқан жастар туған жерге, мысты қалаға арнаған өлеңдерін оқып берді.

Жыр додасының ұйымдастырушылары мүшәйра қатысушыларының туындыларын бір кітапқа жинақтап, басып шығаратын болады.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

# «ҚОЙНАУЫ ҚҰТ, МЫС ШАҺАРЫ – ЖЕЗҚАЗҒАН!»

## *атты әдеби-музыкалық шара өтті*

**Қабден Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің ұжымы мен оқушыларының мысты өлкенің 65 жылдық мерейтойына арнаған «Қойнауы құт, мыс шаһары – Жезқазған!» атты әдеби-музыкалық шарасы Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өтті.**

Жезқазғанның өткені мен бүгінін жырға қосып, өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік, патриоттық қасиеттерді дарытуды мақсат тұтқан жиынның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн.

Қаланың мерейтойы аясында «Жезқазған мыс қорының әлеуеті жағынан одақтағы барлық мысты аудандардан асып түсетін кенді провинция» деген негізі мықты, салмақты пікір білдіріп, сары даланың төсінен үлкен Жезқазған құрылысының басталуына себепкер болған Қаныш Имантайұлының ерен еңбегі мен зор үлесін айтпай кетпеске болмас. Сондықтан, мерекелік шараның шымылдығы «Қаныштың монологымен» түрілді.

– Менің өмірімнің ең жарқын жылдары Жезқазғанмен тығыз байланысты, осы ғажайып өңірде жүргізген зерттеулерім, мені, қатардағы инженер-геологты академик қылып шығарды. Мен сол үшін де Жезқазған жеріне басымды иіп, ризашылығымды білдіремін, – деп Жезқазғанның жер қойнауындағы байлықтар жайында кеңірек баяндаған Қаныштың рөлін 10-сынып оқушысы Жаролла Қалиев асқан шеберлікпен сомдап шықты. Одан соң жиналғандар алдында қалалық білім беру бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Гаухар Жақыпбекова сөз алып, Жезқазған жұмыр жердегі жерұйық мекен екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, кенді өлкенің 65 жылдығына үн қосып жатқан барша қала мектептерінің ұжымдарына алғысын жаудырды.

Алпыс жылдың ішінде асқарлы асуларды бағындырып, елімізде ғана емес, сондай-ақ, әлемдік аренада да өзіндік орны барын дәлелдей білген Жезқазғанның қасиетті топырағында талай дарын туып, талай мықты мен жүйрік қанат қаққаны рас. Жезқазған жерінің қалыптасу тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ұлтымыздың ұлы тұлғалар да баршылық. Есімдері тарих беттеріне алтын әріппен жазылған тұлғаларға арнап бастауыш сынып оқушылары жырдан шашу шашты. Тарихи тұлғалардың қатарында Болман мен Тайжан ақындардың, Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың, Кәкімбек Салықов пен Жақсыкелді Сейіловтің, Камал Смайылов пен Шынболат Ділдебаевтың, Аппаз Қаражігітов пен Төрегелді Шармановтың, Қабден Шыңғысов пен Сағындық Қожамсейітовтердің есімдері аталды.



Жезқазған табиғатының сұлулығын, еліміздің елдігін әнге қосқан мектеп оқушылары бірінен-бірі асқан талант иесі екенін тағы бір мәрте байқатты. Мектептің домбыра оркестрі «Келіншек», «Жастар» күйін құлақтың құрышын қандыра орындаса, «Шалқыма» би ансамблі жиналғандарды мың бұралған биімен баурады. Ал, жас спортшылар көрерменге шығыс жекпе-жегі каратэнің амал-тәсілдерін көрсетіп, таң-тамаша етті.

«Қойнауы құт, мыс шаһары – Жезқазған!» атты әдеби-музыкалық шараны өз құттықтауымен жалғаған Қабден Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің директоры Бекзат Құланбаева рухы биік, жалыны күшті, білімі терең жастар барда еліміздің, Жезқазғанның болашағы жарқын боларына сенім білдірді. Мектептің ұстаздар қауымы қаланың Әнұранына айналған «Жезқазған маршы» әнін хормен орындап, ажарлы кешті түйіндеді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

МЕКТЕП ХАБАРЫ

# ОҚУШЫЛАР АҚЫНМЕН КЕЗДЕСТІ



**№8 гимназия оқушылары балалар әдебиетіне ерекше ден қойған жезқазғандық ақын, бірнеше республикалық, халықаралық әдеби байқаулардың жүлдегері Ернұр Сейдахметпен кездесті.**

Гимназия кітапханашылары ұйымдастырған «Бала тілін түсінген ақын» атты поэтикалық кеш эстафета түрінде өтті. Кеш барысында ақын шығармашылығына арналған кітап көрмесі де ұйымдастырылды.

Оқушылар ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді орындап, өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Кеш соңында Ернұр Сейдахметов сөз алып, жас достарына өзінің жаңа өлеңдерін оқып берді. Тамаша кеш ұйымдастырған гимназияның ұстаздар ұжымына, шығармашылығына қызығушылық танытқан оқушыларға алғысын білдірді.

**Әсем ҚҰРМАНБАЕВА,**
**№8 гимназияның кітапхана меңгерушісі**

БІЛІМ және ТӘРБИЕ



# ОТБАСЫ – АЛТЫН ДІҢГЕК

**№15 «Гүлдер» бөбекжайында қалалық «Мерейлі отбасы» сайысы өтті.**

Аталмыш байқаудың басты мақсаты – тәрбиенің қалыптасқан құнды тәжірибесіне сүйене отырып, XXI ғасыр отбасы мүшелерінің бойына рухани-адамгершілік құн-дылықтарын сіңіру, бірліктерін, ынтымақтастықтарын нығайтып, бір-бірін сыйлау, сенімділік, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Қалалық байқауға қаладағы бөбекжайлардан бес отбасы қатысты. Бұл сайыс басқа байқаулардан өзгеше болды. Бұнда ән де айтылды, би де биленді, сиқыр жасалып, көрініс көрсетілді. Сенгісіз болар, бірақ аталған өнердің барлығын қарапайым отбасы мүшелері жүзеге асырды.

№5 «Тамаша» бөбекжайынан Бекмұратовтар отбасы, №7 «Айгөлек» бөбекжайынан Төлеутаевтар отбасы, №13 «Ертөстік» бөбекжайынан Адишевтер отбасы, №14 «Балдырған» бөбекжайынан Рақымжановтар отбасы, №15 «Гүлдер» бөбекжайынан Әбішевтер отбасы өз өнерлерін ортаға салды. Олар I кезеңде өздерін таныстырса, «Тауып білмеген, жүріп білер» деп аталған II кезеңде арнайы дайындалған ситуациялық сұрақтарға жауап берді. Ал, үшінші айналымда әр отбасы өнерлерін ортаға салып, соңғы «Өнерлінің өзегі талмас» сайысында үй тапсырмасын көрсетті.

Байқаудың қорытындысы бойынша «Өнегелі отбасы» номи-нациясын жеңіп алған Бекмұратовтар отбасы ата-ана мен баланың арасындағы сүйіспеншілік, топтық ұйымшылдық, аға ұрпақ пен жастардың арасындағы үйлесімділікті көрсете білді. Үлкендерді қадірлеп, баланы заманауи талапқа сай, ұлттық құндылықтарды дәріптеп өсіруге болатынын дәлелдегендей. Олар «отбасы» атты мемлекетте әке мен ұлдың, әже, ана және қыздың рөлі қандай екенін айқындады.

Бүгінде қолөнер, түрлі қолдан жасалған сәндік бұйымдар «трендке» айналып, жоғары бағалануда. Оның ішінде ұлттық қолөнерге деген сұраныс күннен күнге артуда. «Айгөлек» бөбекжайының намысын қорғаған Төлеутаевтар қолда бар дүниелерден түрлі қайталанбастан сыйлық, балалардың дамуына септесетін пайдалы ойыншақтар жасауға болатынын көрсетті. Жанұяның отанасы балаларына сөмке, пайдалы кітап, енесіне оюмен көмкерілген кимешек, сыйлыққа үйтұмар жасайды екен. Әрдайым «трендте» болуды қалайтын Төлеутаевтар «Жасампаз отбасы» номинациясына ие болды.

Өздерін арайлап атқан күн мен көкте қалықтаған қыранға теңеген көпбалалы Адишевтер отбасы бүгінгі бәсекелестік заманында әр адам жан-жақты болу керектігін есімізге салғандай болады. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, ата кәсіпті жалғап келе жатқан Адишевтердің кішкентай ер азаматтары да ағаш күйдіріп сурет салуды игеріп жатса, кішкентай ханшайымдар аналарынан қалыспай киіз, жүннен бұйымдар жасаумен болды. Бес саусағынан өнер тамып қана қоймай, бір-біріне деген жоғары сыйластықтарымен ерекшеленген осы отбасы «Жарасымды отбасы» номинациясына лайықталды.

Балдырғандық Рақымжановтар отбасы ұмытылып бара жатқан «қымызмұрындық» дәстүрін көрсетіп, жиналғандарды таң-тамаша етті. Көктемнің келгенін сездіріп, емдік қасиетке толы саумал қымыздың иісін аңқытып, ұлттық құндылығымыз байлығымыз екенін тағы бір мәрте ұғындырған жанұя «Парасатты отбасы» номинациясының иегері атанды.

«Өнерлінің өрісі кең» дейді халық даналығы. Музыка адам жанын емдеп, ерекше көңіл-күйге бөлейді. Оқ бойынан оза шапқан Әбішевтер отбасының әр мүшесі музыкаға жақын. Олар өте белсенді, әрі ұйымшыл. Әр сайыста әуенді, музыкалық аспаптарды жүйелі түрде қолдана білді. Тіпті ұмыт болып бара жатқан «тұяқ», «сылдырмақ» сынды аспаптарда ойнай білетіндерін көрсетті. Киім үлгісімен де, отбасылық ауызбіршілікпен де ерекше көзге түскен Әбішевтер отбасы қалалық сайыстың жеңімпазы атанды.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# МЕРЕЙТОЙҒА АРНАЛДЫ

Тәуелсіздігі тұғырлы елдің негізгі байлығы – іргесі берік бақытты отбасы. Қазіргі кезде отбасындағы тәрбие мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Ынтымағы жарасқан, тату-тәтті, бірлікте өмір сүретін жас отбасылар болашақта, қоғамда ізгі ниеті арқылы еліне, оның көркеюіне көп септігін тигізеді және ұлттың тірегі бола алады. Отбасы – болашақ ұрпақ қалыптасуының алтын ұясы, өмірге бағыт-бағдар беретін ұлы құндылықтың бастауы, тәлім-тәрбиенің негізі.

Жас отбасылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-ана мен бала арасында спорт мәдениетін кеңінен насихаттау, бос уақытын тиімді әрі белсенді өткізу мақсатында Жезқазған қаласының 65 жылдығы және «Жастар жылына» орай Талап ауылында «Біргеміз,берік іргеміз» атты жас отбасылар арасында спорт ойындарынан жарыс өтті. Сайыста отбасылар ұйымшылдық пен шапшаңдық танытып, бар өнерлерін ортаға салды. Сайыстың қорытындысы бойынша жүлделі I орынды Сәкеновтер отбасы иеленсе, II орынды Тохановтар отбасына бұйырды. Жеңімпаздар дипломдармен, медальдармен марапатталды.

Сайыс қызықты да тартымды өтті. Мұндай іс-шаралардың келешек ұрпаққа берері көп және жалғасын таба береді деген сенімдеміз.

**Дина ТІЛЕМІСОВА,**
**Талап ауылы**